

Н.Ж. Даулеткереева, Г.Б. Мухангалиева

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Оқулық

для учащихся 4 класса
общеобразовательной школы
с русским языком обучения

Часть 1

Алматыкітап баспасы
2019

Даулеткереева Н.Ж. и др.

Қазақ тілі: Оқулық. Для учащихся 4 класса общеобразовательной школы с русским языком обучения. Часть 1. /Даулеткереева Н.Ж., Мухангалиева Г.Б. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2019. – 128 с., илл.

- © Даулеткереева Н.Ж.,
Мухангалиева Г.Б. 2019.
- © ТОО «Алматыкітап баспасы», 2019.

Құрметті оқушы!

Мен тағы да өзіңмен кездескеніме қуаныштымын. Мен үшін бұл – үлкен қуаныш. Жазғы каникулды қалай өткіздің? Қай жерлерде болдың? Не есінде қалды?

Жаңа оқу жылында қазақ тілін үйренуді жалғастырамыз. Қазақ тілі оқулығы дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға, айналадағы адамдармен қарым-қатынас жасауға үйретеді.

Осы оқулық арқылы жаңа сөздер, қызықты мәтін, ертегі, әңгіме, өлең, жұмбақ, мақал-мәтелдермен танысаңыз.

Саған қазақ тілі сабағында қызықты шығармашылық жұмыс және сәттілік тілейміз!



Оқыш және жауап берейік

9. Мәтінді толықтырып оқы.

Менің атым – Мәлике. Мен Шымкентте тұрамын. Шымкент (қайда?) оңтүстікте орналасқан.



Қалада әдемі жерлер өте көп. Біздің аймақта күн жылы. Жеміс-жидектер тез піседі.

Менің атым – Дәрия. Мен Семейде тұрамын. Семей (қайда?) _____ орналасқан. Семейде тау да, орман да бар.



Менің атым – Расул. Мен Оралда тұрамын. Менің қалам (қайда?) _____ орналасқан. Біздің өлкеде Шаған, Жайық, Деркөл өзендері бар. Оралда кеме жасайды.

Менің атым – Медет. Мен Бурабайда тұрамын. Бұл – менің туған жерім. Бұл аймақты кейде «Сарыарқа» деп атайды. Мен (қайда?) _____ тұрамын.



Оқыш және жауап берейік

10. Мәтінді қайталап оқыңдар. Рөлдік ойын ойнаңдар.

Үлгі: Мен Шымкентте тұрамын. Шымкент оңтүстікте орналасқан.

11. Сөздерге сөйкес суреттерді тап.

12. Үлгіні басшылыққа алып, сөйлем құра.

Үлгі: Алматыда алма өседі.

Шымкент

Қызылорда

Орал

Алматы



Атырау

Өскемен

Қостанай

2

Бурабайдағы демалыс

«Қайда?» сұрағының мағынасын түсінесің.
«Қайда?» сұрағына жауап айтуды үйренесің.

аудан
орталық
алыс
еркін

Ойнайық

1. Көршіңмен ойна. 1-ден 16-ға дейін қағаз қиындысына сандарды жаз. Оларды аударып қой. Кезектесіп қағазды алыңдар. Санға сөйкес көршіңе сұрақ қой. Көршіңнен жауап ал.

| | | | |
|------------------------------------|--------------------------------------|------------------------------------|---|
| 1. Сен қайда тұрасың? | 2. Сенің көшеңде ескерткіш бар ма? | 3. Кемеңі қай қалада жасайды? | 4. Сенің ата-әжең қайда тұрады? |
| 5. Қай аймақта түйені көп өсіреді? | 6. Медеу мұзайдыны қайда орналасқан? | 7. Атырау қаласы қайда орналасқан? | 8. Жеміс-жидек қай аймақта жақсы өседі? |
| 9. Мәлике есімді қыз қайда тұрады? | 10. ? | 11. Ақ аю қайда тіршілік етеді? | 12. Өткен аптада киноға бардың ба? |
| 13. Сенің кітаптарың қайда тұр? | 14. Жазда қайда демалдың? | 15. Сарыарқа қай аймақта? | 16. ? |

! Есте сақтайық

қайда?

| | | |
|------------------|--|---------|
| егер сөз соңында | б, в, г, д, к, қ, п, с, т, ф, х, ц, ч | -та/-те |
| егер сөз соңында | а, ы, і, е, я, з, ж, й, л, м, н, ң, р, у | -да /де |

Жаттығайық

2. Диалогтегі сөздерге «қайда?» сұрағын қойып, тиісті жалғауды жалға.

Расул: Медет, сен қай жерде тұрасың?

Медет: Мен Бурабай... тұрамын ғой!

Расул: «Жоқ, қай аудан... немесе қай көше... тұрасың?» – деймін.

Медет: Кешір. Менің үйім осы ауданда. ... көшесі, 4-ші үй... тұрамын.

Расул: Алыс емес болды ғой.

Сөйлесейік

3. Сурет бойынша рөлдік ойынға қатыс.
4. Еркін ағайға өзіңді таныстыр. Рөлдік ойынға қатыс.



Тыңдайық

5. Мәтінді тыңда, көз жүгіртіп оқы.
6. Балалар өздерін қалай таныстырды? Өз нұсқаңмен салыстыр.

Медет: Ассалаумағалайкүм, аға! Сізге қонақтар келді. Атарбамен қыдыртыңыз.

Еркін ағай: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Ең сұлу жерге (мекенге) қош келдіңдер! Мен осы жерде бала кезімнен тұрамын. Танысайық, менің атым – Еркін. Еркін ағамен бірге қыдырыңдар.

Мәлике: Еркін аға, менің атым – Мәлике. Шымкентте тұрамын.

Расул: Менің атым – Расул. Оралда тұрамын.

Дәрия: Менің атым – Дәрия. Семейде тұрамын.

Тыңдайық және жауап берейік

7. Диалогті қайталап тыңда. Кестені толтыр.

| Диалогке қатысушылар | Қай қалада тұрады? | Қай аймақта тұрады? |
|----------------------|--------------------|---------------------|
| Медет | Бурабайда | Солтүстік аймақта |
| Мәлике | | |
| Расул | | |
| Дәрия | | |
| Еркін аға | | |

3

«Туған ел» көрмесі

«Туған ел» тақырыбында сөйлесесің.
Жаңа сөздер үйренесің.

халық
ұлт
шаңырақ
ту
бейнелеу
орын

Жаңа сөз үйренейік



халық

ұлт

шаңырақ

ту

бейнелеу

орын

Жаттығайық

1. Сөйлемдерді жаңа сөздермен толықтыр.

Жаңа сөздер: ту, шаңырақ, орын, халық, ұлт, бейнелеу.

1. Қазақстанда түрлі ... тұрады. 2. Қазақстанда тұратын ... өте бақытты. 3. Суретте Қазақстанның тауын ... керек. 4. Аспанда көк ... мәңгі желбіреді. 5. Мынау – біздің ортақ Бір шаңырақ астында тату өмір сүреміз. 6. Кім бірінші ... алады екен?

Анықтайық

2. Балалар «Туған ел» тақырыбына қандай сурет салды? Анықта.

3. Жаңа сөздерді қолданып сөйле.



Жазайық

Балалар туралы мәліметті кестеге жаз.

| | | |
|--------|--|-------------|
| Дәрия | Менің суретімде шаңырақ, түрлі ұлттар, халықтар достығы | бейнеленді. |
| Расул | | бар. |
| Медет | | салынды. |
| Мәлике | | бейнеленді. |

Сөйлесейік

5. Көршіңмен бірге талқыла.
6. Қай тақырып саған көбірек ұнайды? Неліктен?
7. Балалар суретті не үшін салып жатыр?
8. Кім бірінші орын алады деп ойлайсың?

Тыңдайық

9. а) Диалогті тыңда. Қандай таныс сөздерді естідің? Атап бер.
- ә) Диалогті тыңда және оқы. Не туралы екенін айт.

Суретшілер көрмесінде

Жүргізуші: Қадірлі достар! Біз көрмеде тұрмыз. Жас суретшілер «Туған ел» тақырыбына қандай сурет салды екен? Өздерінен сұрайық!

Мәлике: Менің есімім – Мәлике. Мен Шымкентте тұрамын. Мен Шымкенттің суретін салдым.

Расул: Бурабайдан сәлем. Есімім – Расул. Мен Оралда тұрамын. Біздің аймақта жазық дала көп. Онда әртүрлі гүлдер өседі. Менің суретімде, міне, осы бейнеленді.

Медет: Менің атым – Медет. Мен Бурабай тауын бейнеледім. Таудың басында ту ұстаған бала суретін салдым.

Жүргізуші: Бірінші орынды кім алды? ...

Анашым, мен бірінші орын алдым!

**Тыңдайық және жауап берейік**

10. Диалогті қайталап тыңда. Сұрақтарға жауап бер. Диалогке қанша адам қатысты? Оларды атап бер. Балалар қайда тұр? Балалар өз суреттері туралы не айтты? Диалогке кім қатыспады? Неліктен?

Дәрия мен тележүргізуші рөлін ойнаңдар.

Үлгі:

Жүргізуші: Сәлем, Дәрия! Мен сені құттықтаймын. Суретің өте жақсы екен. Суретте нені бейнеледің?

4

Мемлекеттік рәміздер

Заттардың көп немесе біреу екенін ажыратып айта білуге үйренесің.

елбасы
Елтаңба
Әнұран
мемлекет
тәуелсіз
рәміз
ұлан

Ойланайық

1. Сызбаны толықтыр. Қазақстан қандай мемлекет?



Сөйлесейік

2. Сұрақтарды көршіңмен бірге талқыла.

Қазақстан қандай ел? Қазақстан қанша аймаққа бөлінеді? Қазақстанда қандай ұлттар тұрады? Қазақстанның Туының түсі қандай?

Жаңа сөз үйренейік



Елбасы



Елтаңба



Әнұран

! Назар аударайық

Қазақ+стан
Ел+таңба
Ән+ұран

Мемлекеттік рәміздер



Жаттығайық

3. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып айт.

Керекті сөздер: Елтаңба, Әнұран, Ту, Елбасы.

1. ... халықты мерекемен құттықтады.
2. Олимпиада кезінде ... айтамыз.
3. ..., ..., ... – Қазақстанның мемлекеттік рәміздері.

Жаңа сөз үйренейік



4. Мәтінді оқы. Бос орынға қажет сөзді қой.

Қазақстан – ... мемлекет. Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне ..., ..., Әнұран жатады.

Мен Қазақстанның ұланымын. Қазақстанымды мақтан етемін. Оның «Мәңгілік ел» болғанын қалаймын.

! Есте сақтайық

| | | | |
|-------------|---|--------------|-----------------------|
| Сөз соңында | б, в, г, к, қ, п, с, т, ш, щ, ф, х, ц, ч | -тар -тер | жастар мемлекеттер |
| | а, о, ы, і, у, е, ю, я, л, й, р. | -лар -лер | тулар көшелер |
| | ж, з, л, м, н, ң | -дар -дер | әнұрандар рәміздер |

Орындап үйренейік

5. Сөздерге қосымша жалғап жаз.


Үлгі: тулар, түстер ...

Ту, түс, ұлт, ел, аймақ, мемлекет, рәміз, халық, әнұран.

Ойнайық

6. Әр суретке сай сөйлем құрап айт.

Үлгі: **Шаңырақ** үйдің төбесінде тұрады. Мектептің төбесінде ту желбіреді.



Тыңдайық

7. Сөздерді тыңда, қайтала. Жаттап ал.

Елбасы, Елтаңба, Әнұран, ұлан, мемлекет.

5 Рәміздер туралы білім сайысы

Сөздік қорыңды дамытасың.
Мәтінге ат қойып үйренесің.

қыран
барыс
тұлпар
құрметтейді
тіршілік етеді

Сөйлесейік

1. Суретке қара. Үш оқушының бірін таңда.
Оған көмектес.



Сөйлесейік

2. Сөйлемдерді оқы, ойды жалғастыр. Өз ойыншыңа көмектес.
1–10 аралығында өзіңе баға бер.

Қазақ халқы барысты аса құрметтейді. Өйткені ... 1

Қазақ халқы қыранды аса құрметтейді. Өйткені ... 2

Қазақ халқы тұлпарды аса құрметтейді. Өйткені... 3

Оқиық

3. Мәтінді оқы. Мәтінге сай тақырып таңда.

а) Достықтың
символы

ә) Ақыл мен
айланың символы

б) Еркіндіктің
символы

Көне түркілер барысты «ілбіс» деп атаған. Ол таулы, тасты аймақтарда тіршілік етеді. **Барыс** – батыл және айлалы аң. Осы себепті қазақ халқы барысты аса құрметтейді. Өз баласына барысты үлгі етеді.



Тұлпар – ең жүйрік, ақылды жылқы. Қазақ халқы тұлпарды батырға сыйлаған. Ертегідегі тұлпар сөйлей алады. Батырға көмек береді, батырмен дос болады. Батыр мен тұлпар барлық қиындықты жеңеді.



Қыран – аса епті, алғыр құс. Ол тоғайлы, таулы аймақта тіршілік етеді. Биік ағаш пен жартасқа ұя салады. Ол түлкі мен қасқырды оңай ұстайды. Қазақ халқы қыранды аса құрметтейді. Батыр ұлдарға «қыраным», – дейді.



«Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті» кітабынан

Оқиық және жауап берейік

4. Сұрақтарды оқы. Жауабын айт.

1. Барыс қандай аң?
2. Қандай құс биік ағаш пен жартасқа ұя салады? 1
3. Қазақ халқы тұлпарды кімге сыйлаған?

1. Барыс қандай жерде тіршілік етеді?
2. Қыран қандай аңдарды ұстайды? 2
3. Ертегіде тұлпар не істейді?

1. Көне түркілер барысты қалай атаған?
2. Батыр ұлға қазақ халқы не деп ат қояды? 3
3. Тұлпар қандай жылқы?

Жаттығайық

5. Сөздерге қосымша жалға.

Үлгі: батыр – батырлар, халық – халықтар.



Барыс, қыран, ағаш, жартас, тұлпар, аң, жігіт, ту, елтаңба, сурет, көрме, тау.

6 Өз туым (жоба)

Заттардың көп немесе біреу екенін ажыратып айта білуге үйренесің.

пішін
дөңгелек
ортасында
оң жағында
сол жағында

Жаңа сөз үйренейік

1. Пішіндерді анықта.



дөңгелек

үшбұрыш

шаршы

тік төртбұрыш

Жаттығайық

2. Сол жақтағы және оң жақтағы пішіндерді салыстыр.

Қайсысы көп?

сол жақ



оң жақ



Салыстырайық

3. Пішіндерге мұқият қара. Сұрақтарға жауап жаз.



Сары түсті дөңгелектер қайда тұр?



Көк түсті дөңгелектер қайда тұр?



Сары түсті дөңгелек қайда тұр?



Көк түсті дөңгелек қайда тұр?

Сөйлесейік

6. Суреттерге қара. Сұрақтарға жауап бер.

Елтаңбада қандай пішіндер кездеседі?

Туда қандай пішіндер кездеседі?



Тыңдайық және жауап берейік

7. а) Мәтінді тыңда. Берілген сөздермен толықтыр.

Дөңгелек, сары, көк, ортасында, оң жағында, сол жағында.

Қазақстанның елтаңбасында _____ және _____ түс бар. Елтаңбаның пішіні – _____. Бұл мәңгілік өмірді бейнелейді. Елтаңбаның _____ шаңырақ түр. Шаңырақ «ортақ үй» деген мағынаны білдіреді. Шаңырақтың _____ және _____ қанатты тұлпар бейнеленген. Тұлпар – адалдықтың, достықтың символы.

ә) Туды сипаттап жаз. Сұрақтарды басшылыққа ал.

1. Қазақстанның туында қандай түстер бар?
2. Тудың пішіні қандай?
3. Тудың ортасында не бейнеленген?
4. Қыран қай жерде тұр?
5. Ою-өрнек тудың қай жеріне орналасқан?

Жасайық

4. Қағаздан ту жаса.

Қажет заттар:

Сары дөңгелек – 1

Сары үшбұрыш – 10

Сары түсті қыран – 1

Өрнек – 1

1. Көк түсті қағазды ал. Одан тіктөртбұрыш жаса.

2. Сары қағаз ал. Одан дөңгелек жаса. Дөңгелекті көк туға жапсыр.

3. Тағы да сары қағаз ал. Одан кішкене үшбұрыштар жаса. Одан күннің шуағын жаса.

4. Сары қағаз ал. Оған қыран суретін сал. Қыранды күннің астына жапсыр.

5. Сары қағаз ал. Одан ұзын жолақ жаса. Жолақтан өрнек қи. Оны тудың сол жағына жапсыр.

6. Туды таяққа желімдеп орнат.



Көрсетейік және айтайық

5. Туды сипатта. Оны қалай жасадың? Айтып бер.

7

Менің сапарым

Заттардың көп екенін түсіндіріп айта аласың.

көше
бұрылыс
киіз үй
малшы

Жаңа сөз үйренейік



бұрылыс



көше



киіз үй



малшы

Жаттығайық

1. Сөздерді көптік мағынада жаз.

ауыл – ауылдар

көше – ...

шам – ...

үй – ...

сиыр – ...

жылқы – ...

көл – ...

өзен – ...

Сөйлесейік

2. Суретте нелер бар? Айтып бер.

Үлгі: Суретте қалалар бар.

Көрсетейік және айтайық

3. Суретке қара. Сұрақтарға жауап бер.

1. Көпірлерде көліктер бар ма?

2. Жолда бұрылыстар көп пе? Бұрылыстарда көлік кездесті ме?

3. Жазық далаларда аңдар жүрді ме?

4. Өзендерде балық бар ма?



! Есте сақтайық

Қайда?

бұрылыс+тар+да

көлік+тер+де

көше+лер+де

орман+дар+да

өзен+дер+де

тау+лар+да

Жаттығайық

4. Жақшаны ашып жаз.

Үлгі: Қалаларда үйлер өте көп.

1. (қала) үйлер биік және көпқабатты.
2. (ауыл) көшелер түзу, таза.
3. (жазық дала) киіз үйлер тұр.
4. (көше) адам көп.
5. (ағаш) құстар қонып отыр.
6. (киіз үй) малшылар тұрады.

Тыңдайық және жауап берейік

5. Мәтінді тыңда және оқы. Бос орынға сөздерді қой.

Сапарда

Қазақстан өте үлкен. Мен көптеген ... , ... болдым. Қалаларда көшелер кең, түнде жарық. ... адамдар көп жүреді.

Мен үш ауылда болдым. Ауылдар маған ұнады. Бұл жерлерде мал өсіреді, бақша өсіреді. ... түрлі жемістер бар.

Қазақстанда өзендер мен көлдер де көп. Адамдар балық аулайды. ... балықтар тым көп.

Сөйлесейік

6. Тыңдаған мәтін бойынша көршіңе сұрақ қой.

Үлгі: Қазақстандағы қалаларда не бар? Қазақстандағы ормандарда қандай аң кездеседі?



8

Қайталау

Мен бағытты түсіндіре аламын.

1. Сөйлемді сөзбен толықтыр.



а) Орман ... жақта орналасқан.

ә) Өзен ... аймақта.

б) ... биік таулар бар.

в) Жазық даламыз ... аймақта.

оңтүстік

шығыс

солтүстік

батыс

Сөзге қосымшаны дұрыс жалғай білемін.

2. Сөздерге «Кімде?», «Неде?», «Қайда?» сұрағын қой.

Үлгі: Кімде? – ағамда

Ағам..., кітап..., көше..., орман..., ауыл..., жайлау...,
ағаш..., тау..., өзен..., көпір..., саябақ..., қыз..., атам...,
жол....

Заттың, нәрсенің немесе адамның қай жерде екенін
түсіндіре аламын.

3. Мәтінді толықтыр.

Қажетті сөздер: ішінде, оң жағында, сол жағында, ортасында.

Медеттің ата-әжесінің үйі сұлу аймақта орналасқан. Үйдің _____ шағын тоғай бар. Тоғайдың _____ жидектер өседі. Үйдің _____ жол бар. Үйдің _____ өзен мен бақша бар. Үй таудың _____ емес, жазық далада орналасқан.

Мен сөздерді көптік мағынада айта және жаза білемін.

4. Сөздерді көптік мағынада жаз.

| | | |
|-------|-------|-----------|
| аймақ | аудан | орталық |
| халық | ұлт | тілші |
| өлке | ауыл | көпір |
| тау | дала | қызғалдақ |
| көрме | орман | өзен |
| көл | орын | ту |
| көше | халық | кеме |
| түйе | күн | пішін |

Сөздердің мағынасын түсінемін.

5. Сөздерді тап.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Е | а | ұ | с | ю | а | у |
| к | ө | л | і | д | а | қ |
| т | р | т | і | л | ш | і |
| і | е | б | а | р | ы | с |
| х | а | л | ы | қ | т | о |
| с | о | р | ы | н | б | т |
| к | е | м | е | п | и | а |
| ү | й | ү | ш | і | т | у |
| а | ә | н | ұ | р | а | н |

9

Ауыл сыртында

Айналаны сипаттап айтуды үйренесің

өмір сүреді
қасында
астында
айналасында
ішінде
сыртында
үстінде

Жаңа сөз үйренейік

ауыл ішінде



ауыл сыртында



ауыл айналасында

көпірдің үстінде



көпірдің астында



ауылдың қасында

! Есте сақтайық

Қайда?

қасында

астында

айналасында

сыртында

Қайда?

ішінде

үстінде

Жаттығайық

1. а) Жақшадағы сөздерді қолданып, сұраққа жауап бер.
 - 1) Балалар қайда ойнап жүр?
Балалар өзеннің (қасында) ... ойнап жүр.
 - 2) Мәшине қайда тұр?
Мәшине жолдың (үстінде) ... тұр.
 - 3) Қыз бен бала қайда тұр?
Қыз бен бала көпірдің (үстінде) ... тұр.
- ә) Сөйлемдерді оқы. Сөйлемге сұрақ қой.
 - 1) Өзеннің ішінде балықтар жүзіп жүр.
 - 2) Әрсен ауылдың сыртында доп ойнап жүр.
 - 3) Ауылдың айналасында өзендер мен көлдер көп.

Көрсетейік және айтайық

2. Суретке қара. Не көріп тұрғаныңды айт.



Оқиық және жауап берейік

3. Сұрақтарды оқы. Жауабын мәтіннен тап.

Ауылдың сыртында не бар?

Балалар жазда қай жерде ойнайды?

Балалар қай жерде отырып, балық аулайды?

Ауылдың қасында басқа өзен немесе көл бар ма?

Біздің ауылдың **сыртында** кішкентай өзен бар. Біз жазда осы өзеннің **қасында** ойнаймыз. Күн ыстық болса, суға шомыламыз. Көпірдің **астында** отырып, балық аулаймыз. Ауылдың **айналасында** басқа өзен жоқ. Сол себепті барлық балалар осы жерде жүреді. Ауылдың **ішінде** ешкім қалмайды.

Сөйлесейік

4. Сұрақтарды көршіңмен бірге талқыла.

1. Сенің ауылыңның (қалаңның) қасында көл немесе өзен бар ма?

2. Жазда көлдің немесе өзеннің қасында демаласындар ма?

3. Сенің ауылыңның (қалаңның) айналасында орман бар ма? Ол орманда қандай аңдар, құстар болады?

4. Сенің ауылыңның (қалаңның) айналасында көпір бар ма? Ол ескі ме әлде жаңа ма?

5. Жазда аяқдопты қайда ойнайсындар? Ауылдың (қаланың) ішінде ме әлде сыртында ма?

10 Менің ауылым

Заттың алыста немесе жақында екенін ажырата аласың.
Заттардың немесе адамның қайда тұрғанын түсіндіре білуге үйренесің.

Әне, міне
Анау, мынау
тану

Жаңа сөз үйренейік

Міне, менің үйім.



Әне, менің үйім.



Мынау – менің ауылым.



Анау – менің ауылым.



Ойланайық

1. Сөйлемдерді оқы. Мағынасына қарай белгіле.

жақында

алыста

Міне, менің тұлпарым.
Міне, менің үйім.
Анау – менің ағашым.
Анау – менің бақшам.

Әне, менің көршім.
Әне, менің мектебім.
Мынау – менің туым.
Мынау менің суретім.

! Есте сақтайық

| | | |
|--------|------------------------------------|----------------------------|
| Менің | ауылым, үйім, бақшам, інім | -ым, -ім, м |
| Сенің | ауылың, үйің, бақшаң, інің | -ың, -ің, ң |
| Сіздің | ауылыңыз, үйіңіз, бақшаңыз, ініңіз | -ңыз, -ңіз -ыңыз, -іңіз |

! Назар аударайық

| | | | |
|----------------------------|---|---------------------|-------|
| Менің кіта п +ым | → | кіта б ым | п → б |
| Менің дөңгеле к +ім | → | дөңгеле г ім | к → г |
| Менің қона қ +ым | → | қона ғ ым | қ → ғ |

Жаттығайық

2. а) Қажет қосымшаны жалға.

| | | |
|-----------------|-------------|--------------|
| → ағаш... | → ... | → ... |
| Менің → қала... | Сенің → ... | Сіздің → ... |
| → ата... | → ... | → ... |

ә) Үлгіні қолданып жаз.

Үлгі: Менің досым бар.
Ал сенің досың бар ма?

| Жазылуы | Айтылуы |
|----------|----------|
| Бұлдырты | Бүлдүрты |
| құлын | құлұн |

Менің ағам бар.
Менің үйім жақын.
Менің аулам кең.

Менің ауылым үлкен.
Менің құлыным бар.
Менің ағашым өсті.

б) Сұраулы сөйлем құрап жаз.

1. Сіздің балаңыз қайда тұрады?
2. _____
3. _____
4. _____

1. Менің балам қалада тұрады.
2. Менің ауылым өте үлкен.
3. Менің бақшам бар.
4. Менің үйім алыста.

Көрсетейік және айтайық

3. Суретке қарап, ауыл туралы айтып бер.



Керекті сөздер:
қасында, сыртын-
да, ішінде, айна-
ласында, астында,
үстінде.


11

Әлидің үйі

Айналаны ауызша немесе жазбаша таныстыра білуге үйренесің.

алдында
артында
жанында
қарсысында
жер үйі

Жаңа сөз үйренейік



Жаттығайық

1. Сен қайда тұрсың? Айналаңда не бар? Айтып бер.

Үлгі: Менің алдымда үстел тұр.
Менің артымда терезе бар.

Көрсетейік және айтайық

2. Әлидің үйінің айналасын сипаттап бер.

Үлгі: Үйдің алдында гүл өсіп тұр.



Ойнайық

3. Көршіңмен бірге рөлдік ойынға қатыс. Бірің Әли болыңдар. Әлиге сұрақ қойыңдар.

Үлгі:

- Әли, сенің үйіңнің артында не бар?
- Менің үйімнің артында алмаағаштар бар.

Тыңдайық және жауап берейік

4. а) Мәтінді тыңда. Суретпен салыстыр. Суретте не нәрсе дұрыс берілмеген?

Мен жер үйде тұрамын. Менің үйім жаңа. Үйдің артында бақ бар. Онда өрік пен шие өседі. Оларды менің атам отырғызды. Үйдің алдында тек гүлдер өседі. Менің үйімнің жанында гараж бар. Қазір әкемнің көлігі гараждың ішінде тұр. Үйдің оң жағында көрші жоқ. Сол жақта көршіміз бар.

Ойланайық

5. Сұрақтардың жауабын оқы. «Оның» сөзі неліктен қолданылып тұр?

Бұл кімнің үйі?

Бұл – Әлидің үйі.

Оның үйі қандай?

Оның үйі үлкен.

Оның

гаражы, үйі,
атасы, көршісі

-ы, -і
-сы,
-сі

Есте сақтайық ! Назар аударайық

Кімнің?

Оның үйі
гаражы
көршісі
атасы

доп+ы добы

бақ+ы бағы

п – б к – г қ – ғ

Жаттығайық

6. а) Көп нүктенің орнына қосымшалардың бірін қойып жаз.

Оның ағаш..., шие..., бақ..., үй..., көлік..., дос... .

Сөйлесейік


7. Әлидің үйі туралы айтып бер.

12 Бөлмедегі заттар

Заттардың өзімізге тиесілі екенін түсіндіре аласың.
Үйдегі заттардың қайда тұрғанын айтып үйренесің.

асүй
қонақ бөлме
жуынатын бөлме
кіреберіс
қойма

Жаңа сөз үйренейік



Көрсетейік және айтайық

1. Суретке қарап, жауап бер.

– Сендердің үйлерінде кереует қай бөлмеде тұр?

– Біздің үйде кереует ...

Сендердің үйлерінде теледидар қай бөлмеде тұр?

Сендердің үйлерінде тоңазытқыш қай бөлмеде тұр?

Сендердің үйлерінде айна қай бөлмеде тұр?

! Есте сақтайық

| | | | |
|-----------|--------------|-------------|-----------------------------|
| Біздің | бақшаларымыз | інілер-іміз | -мыз -міз -ымыз -іміз |
| Сендердің | бақшаларың | інілер-ің | -ың -ің |
| Сіздердің | бақшаларыңыз | інілер-іңіз | -ыңыз іңіз |
| Олардың | бақшалары | інілер-і | -ы, -і |

Жаттығайық

2. Көп нүктенің орнына қосымшалардың бірін қой.

Сендердің ойыншық... неге асүйде жатыр?

Зауірбек пен Саматтың кереует... қонақ бөлмеде тұр.

Сіздердің тоңазытқыш... қоймада болар.

Олардың орындық... қонақ бөлмеде екен.

Сендердің киім ілгіш... кіреберісте тұрады ма?

Ойланайық

3. Суретке қара. Одан ереже шығар.



Менің үстелім


Менің үстелдерім

Біздің үстелдеріміз

Біздің үстеліміз

Жаттығайық

4. а) Суретті сөзге айналдыр, қосымшаны дұрыс жалға.

Менің  кіреберісте тұр. Қазір асүйге апарамын.

Сенің ескі  қоймада ма?

Сіздің  асүйде тұр.

Біздің  үйдің ішінде жоқ.

Олардың  қай бөлмелерде тұр екен?

Сіздердің  гаражда ма?

Біздің  қонақ бөлмеде тұр.

Сөйлесейік

5. а) Өз үйіңнің сызбасын сыз. Өз үйінде заттардың қайда тұрғанын айт.

Үлгі: Біздің орындықтарымыз ...

ә) Көршіңмен сызба суретінді алмастыр. Оның үйі туралы оған айтып бер.

Үлгі: Сендердің айналарың ...

б) Көршіңнің сызбасын қайта қолдан. Ол туралы үшінші оқушыға айтып бер.

Үлгі: Олардың үстелдері ...

13 Сүйікті қаламыз

Жаңа сөз үйренейік

1. Сөздерді оқы. Суретін тап.

мейрамхана аялдама
қонақүй көлік тұрағы
алаң спорт сарайы
сауда үйі

мейрамхана
аялдама
қонақүй
көлік тұрағы
алаң
спорт сарайы
сауда үйі



Жаттығайық

2. Сөздерді оқы.
Олармен сөйлем құра.

Мейрамхананың іші
Сауда үйінің алды
Спорт сарайының арты
Көлік тұрағының қасы
Алаңның айналасы
Қонақүйдің жаны

Ойланайық

3. Құраған сөйлемдердің ішінен «кімнің?», «ненің?» сұрақтарына жауап беретін сөздерді тап.

Үлгі: Мейрамхананың іші өте кең.

⚠ Есте сақтайық

| | | | |
|-------------------|--|--|--|
| Кімнің? Ненің? | Сөз соңында мына қосымшалар жалғанады: | Жанат тың Ержігіт тің | тұрақ тың көлік тің |
| | -тың/-тің | Алман ың Есен нің | аялдама ның көрмен ің |
| | -дың/-дің -ның/-нің | Сұңқар дың Әли дің | театр дың қонақүй дің |

Жаттығайық

4. а) Сөйлемдегі көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қой.

Сенің үйің... қасында ескерткіш бар.
Бұл мейрамхана... бөлмелері өте кең.
Әлидің көлігі қонақүй... алдында тұр.
Орталық саябақтың ішінде адам өте көп.

! Назар аудар

мен – менің
сен – сенің
ол – оның

ә) *Кімнің?* сұрағын қойып, жақшаны ашып жаз.

(Ол) досы бізді қонақүйде күтті.

(Сен) достарың алаңның қасында ойнап жүр.

(Мен) ата-анам спорт сарайында жұмыс жасайды.

Анықтайық

5. Қаланың картасына қара. Төменде берілген сөйлемдердің қайсысы дұрыс?

1. Аялдама кітапхананың қасында тұр.
2. Көлік тұрағы кафенің қасында тұр.
3. Сауда үйі мейрамханаға қарсы тұр.
4. Қонақүй театрдың жанында тұр. ...



Тыңдайық

6. Сызбадан бөлмелерді тап.

Біздің үйіміз үлкен. Үйдің ішінде 7 бөлме бар. Кіреберістің сол жағында асүй тұр. Асүйдің қасында атам мен әжемнің бөлмесі тұр. Оның қасында менің бөлмем бар. Менің бөлмемнің қасында әкемнің кабинеті бар. Ал әкемнің кабинетіне қарсы ата-анамның бөлмесі бар. Асүй мен ата-әжемнің бөлмесіне қарсы біздің қонақ бөлмеміз тұр. Соңғы бөлме қалды. Ол бөлмеге артық заттарды қоямыз. Ол бөлме менің бөлмеме қарсы тұр.

14

Менің отбасым

Отбасы туралы мәтін оқисың.
«Кімнің?», «ненің?», «кімде?», «неде?»,
«қайда?» сұрақтарын қолданып,
сөйлеуге үйренесің.

өмір сүру
қыдыруға шығу
дәмді
салқын

Жаттығайық

1. Үлгіні қолдан. Өз мысалыңды ойлап айт.

Менің қарындасым. Менің қарындасымның ролигі.

Менің әкем. Менің әкемнің мейрамханасы.

Менің атам. Менің атамның досы.

Менің інім. Менің інімнің добы.

Біздің қаламыз. Біздің қаламыздың саябағы.

Біздің ауданымыз. Біздің ауданымыздың балалары.

Көрсетейік және айтайық

2. Қала көрінісін сипатта. Отбасының қай жерлерде жүргенін түсіндіріп айт.

Оқиық

3. Мәтінді оқы. Суреттен Олжастың отбасын тауып көрсет.

Менің отбасым үлкен емес. Менің отбасымда 8 адам бар. Олар: атам, әжем, екі інім, қарындасым, мен, анам және әкем.

Бүгін бәріміз қыдыруға шықтық. Мәшинеміз көлік тұрағында қалды. Таңертең бәріміз театрға бардық. Қазір әжем мен анам сауда үйіне кетті. Сауда үйі кафенің қасында тұр. Кафенің алдында балаларға арналған алаң бар. Алаңның іші кең. Мансұр екеуміз доп ойнап жүрміз. Қарындасымның ролигі бар. Ол ролик теуіп жүр. Атам, міне, отыр. Оның қасында досы бар. Атамның досының иті ағаштың астында жатыр. Әкемнің қасында Алпамыс отыр. Ол әлі кішкентай. Бізбен ойнай алмайды. Қазір бәріміз қонақүйге барамыз. Қонақүй де жақын жерде тұр. Әне, анау –

қонақүй. Ол сауда үйінің жанында орналасқан. Қонақүйдің іші салқын. Ал ондағы мейрамхананың тағамдары өте дәмді. Қазір сонда барып тамақ ішеміз.

Біз осылай көңілді өмір сүреміз.



Оқып және жауап берейік

4. Сұрақтарға жауап бер.

Олжастың отбасында қанша адам бар?

Бүгін таңертең Олжастың отбасы қайда барды?

Олжастың анасы мен әжесі қайда?

Олжастың атасының қасында кім бар?

Балалардың әкесі қай жерде отыр?

Олжастың ең кіші інісі қайда?

Олжастың қарындасында не бар?

Олжастың отбасы қайда барып тамақ ішті?

Ойланайық

5. а) Мәтінді қайталап оқы. Кестені сөзбен толтыр.

| Қайда? | Кімде? Неде? | Кімнің? | Ненің? |
|------------------------------------|--------------|---------|--------|
| Менің отбасымда көлік тұрағында | | | |

Ойнайық

ә) Түсінгенің бойынша сурет сал.

15 Шегарашы

Шегарашы туралы өлең оқысың.

шегара
шегарашы
күзет
Отан

Ойланайық

1. а) Суретке қара. Суретке сәйкес сөзді тап.



жолдорба



мылтық



дүрбі



ит



шам

Анықтайық

2. ө) Бірінші суреттегі құралдар кімге қажет болады?



мұғалім



дәрігер



ұшқыш



шегарашы

Жаңа сөз үйренейік

Кең, үлкен, ұлан-байтақ; аймақ, өлке; қалың, ну, көмектесу, қолғабыс ету; өсу, ержету; хат жіберу, хат жолдау; тыңшы, қылмыскер; қауіпті, жансыз.

Жаттығайық

3. Сөйлемдерді оқы. Төмендегі суретпен сәйкестендір. Қарамен берілген сөздерге сұрақ қой.

Шегарашы итті үйретеді. Итпен қылмыскерді ұстайды.
Шегарашы бақылау бекетінде тұрып айналаны бақылайды.

Шегарашы шегараны, Отанды күзетеді.

Шегарашы итті жаттықтырады.

| | Кімді? Нені? | | |
|----------|------------------------------------|---------|-----------------------|
| Егер сөз | б, в, г, д, к, қ, п, с, т, х, ц, ч | -ты/-ті | Маратты, Бәйтеректі |
| соңында | а, о, ы, і, е, я | -ны/-ні | қаланы, даланы, ініні |
| | ж, з, й, м, н, ң, л, у, р, ю, | -ды/-ді | ауылды, елді |
| | -сы/-сі | -н | анасын, елін |

Оқыық

4. Өлеңді түсініп оқы.

ШЕГАРАШЫ

Кең дала, тау, көл, теңіз... Сыбдырлай ма ну қамыс?..
 Ұлан-байтақ өлкеміз! Әр дыбыс пен ол таныс.
 Өткізбейді жансызды Ержеткен соң жасаймыз
 Шегарашы көкеміз. Ағаларға қолғабыс.

Шегарада солдат тұр,
 Ел бақытын қорғап тұр.
 Көңілденсін ағалар,
 Амандық хат жолдап тұр.
Тоқаш Бердияров

Оқып және жауап берейік

5. Шегарашы туралы мәтін құра.
 Сөйлемдерді оқы. Оларға сай келетін өлең жолдарын тап.
 Ол шегараны қорғайды, қауіпті адамдарды өткізбейді.
 Өскен соң шегарашы ағаларға көмектесемін.
 Әскер елдің тыныштығын сақтап тұр.
 Шегарадағы ағаларға хат жаз, олар қуанып қалады.

Сөйлесейік

6. Сұрақты көршіңмен бірге талқыла.
 Шегарашылар не істейді?

16 Қайталау

Айналаны сипаттап айта аламын.

1. Сурет бойынша сөйле.



Үлгі: Менің үйімнің қасында сауда үйі бар.

Кімде?, неде?, қайда? сұрақтарын қолдана аламын.

2. Үлгі бойынша айт.

Үлгі:

- Кімде жалау бар?
- Айымда жалау бар.



«Кімнің?», «ненің?» сұрағына жауап беретін сөздерге қосымша жалғай білемін.

3. Тиісті қосымшаны жалғап жаз.

1. Көрші... ауласы бізге жақын орналасқан. 2. Ауыл... балалары өзен жағасында жүр. 3. Менің мектебім... алдында ескерткіш тұр. 4. Қала... жолдары тегіс. 5. Елтаңба... ортасында шаңырақ бар. Ол мәңгілік, шексіздік деген мағынаны береді. 6. Тілек – Бұлдырты... баласы.

Тұрмыстық заттардың және бөлмелердің атауын білемін.

4. Өз үйіңнің сызбасын сыз. Оның ішін жиһаздармен толтыр. Өз үйің туралы айтып бер.

а) Мен заттың өзіме немесе басқаға меншікті екенін түсіндіре аламын.

| | Отан | шегара | қонақ | ескерткіш | іні |
|-----------|------|--------|-------|-----------|-----|
| Біздің | | | | | |
| Сендердің | | | | | |
| Сіздердің | | | | | |
| Олардың | | | | | |

ә) Сөйлемдерді толықтыр.

1. ... көршіңіз қайда? 2. ... Отанымыз. 3. Бұл ... шаңырағыңыз ба? 4. ... ауданың қалай аталады? 5. Жазда ... ауылға барайық.

Өзім, отбасым, үйім, елім туралы мәлімет бере аламын.

5. Сұрақтарға жауап бер.

Қазақстан қандай ел?

Қазақстанның қалалары қандай аймақтарда орналасқан?

Қандай көрікті жерлерді білесің?

Қазақстанда қандай ұлттар тұрады?

6. Сөздерге мәнделес сөздер тауып айта аламын.

өлке

үсті

тіршілік етеді

сұлу

Заттың немесе адамның қаншалықты алыс немесе жақын тұрғанын түсіндіре аламын.

Үлгі: Әне, біздің өзеніміз.



17 Мейірімді қыз

Ертегіні болжау әдісін пайдаланып оқисың.
Жаңа сөздерді қолданып, ертегінің мазмұнын
айтуға үйренесің.

мейірімді
көрікті
қарапайым
еңбекқор
Ыстық

Жаңа сөз үйренейік



көрікті



мейірімді



еңбекқор



қарапайым

Жаттығайық

1. Жаңа сөздерді қолданып, сөйлем құра.

Үлгі:

1. Адамды мінез **көрікті** етеді. 2. Әлемді **мейірімді** жан-дар құтқарады. 3. Сізді **қарапайым** және **еңбекқор** адам деп айтады.

Ойланайық

2. Төмендегі суретке қара. Қыздың әрекетіне қарап, оның қандай адам екенін болжап айт.

Оқиық

3. Ертегіні түсініп оқы.

4. Қарамен берілген сөздерге сұрақ қой.

Үлгі: Менің ойымша, бұл қыз өте мейірімді. Себебі ол тұлпарды жақсы көреді.

Жолды қалай табамын.
Көмектесіңдер!



Келе ғой, тұлпарым. Көзіңді сүртіп берейін. Қазір жалыңды да тараймын.



Бәлішті тойып жеп алайын.
Өте **ыстық** екен, уһ! Қалтамды да толтырып алайын.



Бұлақты тазалау керек. Қазір мен саған көмектесемін.



Піскен **алманы** теріп алайын.
Ммм, өте дәмді болар.



Үйді жинап, тамақ пісіремін.
Сендерді тойдырамын.
Әзірше, міне, бәлішті жеңдер.



Ойланайық

Үлгі:

Нені? – жолды, кімді? – әкемді.

5.Қарсы мәндес сөздерді тап. Антонимдер сөздігін қолдан.

Ізденейік

Көрікті – ..., мейірімді – ..., еңбекқор – ..., ыстық –
Ертегінің соңын болжап айт.

Сөйлесейік

Сұрақтарды басшылыққа ал.

Ормандағы үй кімнің үйі?

Үйдің иесі келген соң не болады?

Қыз үйін қалай табады?

Жалмауыз кемпір

дос

мысық пен ит

бақытты болу

ұшатын сыпырғыш

сыйлық

алғыс айту

сандық

18 Еңбектің сыйы

Таныс сөздерге сүйеніп, тыңдалым мазмұнын түсіне білуге үйренесің. Өзіңнің немесе көптің атынан ұсыныс, тілек білдіре білуді меңгересің.

уәде
ұмыту
жауапты
құрмет

Көрсетейік және айтайық

1. Сурет бойынша ертегінің жалғасын болжап айт.



Жаңа сөз үйренейік

уәде беру – сөз беру
құрметтеу – сыйлау
ұмыту – ойынан шығару
жауапты – жұмысын жақсы орындау

Оқиық

2. Ертегінің жалғасын оқы.

Алыссапардан үйдің иесі келеді. Жалмауызкемпір: «Үйден адамның иісі шығып тұр. Кім бар мұнда? Бері шық!» –

дейді. Сол кезде есіктің артында тұрған қыз: «Әже, өтінемін, мені жемеңізші. Мен үйіңізді жинайын. Тамақ пісірейін», – деп жалынады. Кемпір: «Жарайды, мен сіңліме барып келемін. Мысығым мен күшігімді жақсы бақсаң, үйіңе жіберемін», – дейді. Мейірімді қыз мысық пен күшіктің тамағын уақытында береді, жақсы күтеді. Үйді таза ұстайды. Жалмауыз кемпір қайтып келгенде өз үйін танымай қалады. Ол қызға қатты риза болады. Оны шақырып: «Мен уәдемде тұрамын. Сені үйіңе жіберейін. Мына сандықтың біреуін таңдап ал», – дейді. Мейірімді қыз ең кішкентай сандықты таңдайды. Жолда оны үш тұлпар күтіп алады. Қыз арбаға отырып, алмаағаштың қасынан өтеді. Алмаағаш иіліп, қызға алмасын береді. Қыз оған алғыс білдіреді. Ары қарай жүріп бұлаққа жетеді. Бұлақ оған суын береді. Тағы алға жүріп пешке келеді. Пеш оған ыстық бәлішін береді. Қыз аман-есен үйіне жетеді.

Оқып және жауап берейік

3. Сұрақтарға жауап бер.

1. Ертегінің негізгі кейіпкері кім? Ол қандай?
2. Ертегі кейіпкерінің достары кімдер?
3. Ертегінің соңы қалай аяқталды?
4. Ертегі ұнады ма? Неліктен?

Ойланайық

Сөздерді дұрыс қос.

жина ки шық тазала

барайын Мен Сен кел

сүртейін тамақ пісірейін сүртейін

алайын бақ

! Есте сақтайық

| | | | |
|--------|--|----------------------|----------------------|
| Мен | барайын, тазалайын, жүрейін, істейін | -айын/ -йын | -ейін/ -йін |
| Сен | бар, тазала, жүр, істе | – | – |
| Сіз | барыңыз, тазалаңыз, жүріңіз, істеңіз | -ыңыз/ -ңыз | -іңіз/-ңіз |
| Ол | барсын, тазаласын, жүрсін, істесін | -сын | -сін |
| Біз | барайық, тазалайық, жүрейік, істейік | -айық/ -йық | -ейік/ -йік |
| Сендер | барындар, тазалаңдар, жүріңдер, істеңдер | -ындар/ -ндар | -іңдер/ -ңдер |
| Сіздер | барыңыздар, тазалаңыздар, жүріңіздер, істеңіздер | -ыңыздар/ -ңыздар | -іңіздер/ -ңіздер |
| Олар | барсын, тазаласын, жүрсін, істесін | -сын | -сін |

Жаттығайық

5. Қосымшаны дұрыс жалға.

1. Сізге тамақ пісір... .2. Үйіңізді жинап бер... . 3. Ол бұлақты тазала... .
4. Сен алма жина... . 5. Біз тез жүр... .
6. Сендер үйге ерте кел... . 7. Сіздер үйлеріңізді тазала... . 8. Мен сенің шашыңды қиып бер... . 9. Бақшаға барып жұмыс істе... . 10. Сіздер бәліш пісір... . 11. Жүріңдір, біздер ағашты байла... . 12. Олар үй жина... .

Сөз соңындағы п – б, қ – ғ, к – г болып өзгереді.
Мысалы: жап – жабайын,
бақ – бағайын.

19 Әдепті бала

Таныс сөздерге сүйеніп, тыңдалым мазмұнын түсіне білуге үйренесің.

Болымды және болымсыз мағынаны ажырата аласың.

шындық
әдет
жомарт
адал
қасиет

Сөйлесейік

1. Сөйлемдерді оқы. Талқыла. Балалардың әрекеті дұрыс па? Оларға қандай қасиет тән екенін айт.

| | | | |
|---|---|---|---|
|  |  |  |  |
| Мен бүгін кезекшімін. Мектепке ерте келдім. | Мен бүгін нашар баға алдым. Қазір анама шындықты айтамын. | Мына кәмпитті екіге бөліп беріңізші. Ағама берейін. | Апа, сіз маған артық ақша бердіңіз. Мен сізге қайтарайын. |

Тыңдайық

2. Мәтінді тыңда. Ілесіп оқы. Не туралы екенін айт. Мәтінге ат қой. Қандай жақсы қасиеттерді естідің?

Көрші баланың аты – Нұрбек. Біз оны «Ұшақ» дейміз. Сондай адал, шыншыл, мейірімді, әсіресе, тілалғыш бала. Міне, өзі де келе жатыр.

– Нұрбек, қайдан келесің?

– Дулаттың добын апарып бердім.

– А, жарайсың. Қолыңдағы не?

– Дулаттың ағасы кәмпит берді.

– Маған да берші?

– Әрине, міне, ал.

– Кеттік, екеуміз бірге велосипед тебейік.

– Кешір, анам ренжіп қалады. Тез келемін деп уәде беріп едім.

– Көріскенше, мен кеттім. Айтпақшы, уәдеңде тұру – жақсы қасиет. Жігіт екенсің!



Жаңа сөз үйренейік

Азамат – уәдесінде тұратын, ақылды, білімді, жомарт адам.

Тыңдап және жауап берейік

3. а) Мәтіннен жауап ізде



ә) Нұрбекке жазылған хатты оқы. Толықтыр.

Нұрбек, сен дұрыс істедің. Мен сені ... оқушы деп білемін. Дұрыс. Ешқашан өтірік айтпау керек. Үнемі шындықты айт. Мен сені құрметтеймін.

! Есте сақтайық

| | | | |
|------------------|---------------------|---------|--------------|
| Егер сөз соңында | б, т, п, қ, к, ш, с | -па/-пе | айтпа, кеспе |
| | з | -ба/-бе | жазба, сүзбе |
| | е, а, у, р, л, и | -ма/-ме | қима, берме |

! Назар аударайық

Мен өтірік айт**пайын**
Мен жауапсыз бол**майын**

Сен өтірік айт**па**
Сен жауапсыз бол**ма**

Сіз өтірік айт**паңыз**
Сіз жауапсыз бол**маңыз**

Ол өтірік айт**пасын**
Ол жауапсыз бол**масын**

Жаттығайық

4. а) Сөйлемдегі сөздерді дұрыс ретпен жаз.

Үлгі: Сабақта тәртіпті бол.

1. Сабақта, бол, тәртіпті. 2. Тыңда, айтқанды, әрқашан.
3. Сіз, болмаңыз, қатал. 4. Жаса, жаттығу, таңертең.
5. Бол, досыңа, мейірімді.

ә) Көршіңе нұсқау бер.

Үлгі:

| | |
|-----------------------|------------------------|
| <i>Болымды мағына</i> | <i>Болымсыз мағына</i> |
| Сабақ айт | Кітапты жырtpa |
| Өлеңді жатта | Өтірік айтпа |

Ойнайық

5. а) Нұсқаны таңда. Көршіңнің нұсқасын жауып қой. Көршіңе нұсқау бер. Қимылмен көрсетуін сұра.

Үлгі: Тақтаға жаз.

А оқушы

Ә оқушы

| | | | |
|-----------|---------------|--------------|------------|
| Тез сөйле | Әдепті бол | Көшіріп жаз | Тыныш отыр |
| Кітап оқы | Қолыңды көтер | Гүлге су құй | Жомарт бол |

ә) Нұсқауды қимылмен түсіндір. Не түсіндіргеніңді көршің айтсын.

Үлгі: Теледидар қарап отырмын, шулама.



20 Үлгілі оқушы

Нұсқау жазуды, постерді безендіруді, көркем жазуды үйренесің.

сабырлы

Ойланайық

1. Сұраққа жауап бер.



Жаңа сөз үйренейік

| | | |
|----|-------------------------------------|----------------|
| 1. | «Қорқақ» сөзінің қарсы мағынасы | адал |
| 2. | Ешкімге жамандық ойламайтын адам | жомарт |
| 3. | Қолында бар нәрсемен бөлісетін адам | батыр |
| 4. | Тапсырманы үнемі орындайтын оқушы | сабырлы |
| 5. | Үнемі рұқсат сұрайтын бала | жауапты |
| 6. | Тез ашуланбайтын адам | тәртіпті |

Ойланайық

2. Постермен таныс. Бос орындарға тиісті сөздерді қой.

Керекті сөздер: жауапты, әдепті, адал, сабырлы, жомарт, мейірімді.



ДОСЫМА КЕҢЕС

Сен ... оқушы бол.
Сабақта телефон ұстама.

Сен ... оқушы бол.
Үй тапсырмасын үнемі орында.

Сен ... бол.
Ініңе дауыс көтерме.

Сен... бол.
Сыныптасыңа көмектес.

Сен ... бала бол.
Ата-анаң мен ұстазыңды, досың мен бауырыңды ренжітпе.

Сен ... бол.
Ешкімнің жолын кеспе.

! Есте сақтайық

3. «Ешкімнің жолын кеспеу» дегеніміз – ешкімге жамандық жасамау. Адал өмір сүру.

Оқып және жауап берейік

4. Сөйлемдегі сөздерді дұрыс ретпен қойып, сөйлем құра.

Бол, оқушы, сен, тәртіпті.

Көмектес, сыныптасыңа, сен.

Мен, досың, ұстазыңды, ренжітпе.

Жолын, ешкімнің, кеспе.

Орында, тапсырмасын, үй, сен.

Ойнайық

5. Шеңбер құрып тұрыңдар. Сыныптасыңа достық кеңесінді айт. Допты келесі сыныптасыңа бер.

Үлгі: Мейірімді бол.



! Есте сақтайық

жомарт адам
адал дос
кең дала
биік тау

Жазайық

6. Сыныптасыңа кеңес бер. Постерді безендір, кеңесінді көркем жаз.

Үлгі:

Сыныптасым, сабағыңды жақсы оқы. Шыншыл және адал бол. Ешқашан өтірік айтпа. Тәртіпті, мейірімді, жомарт бол.

Сыныптасым, сабаққа ерте кел. Сабырлы, тәртіпті бол. Ешқашан сабақта телефон ұстама. Өз ісіңе жауапты бол.

21 Анамның тапсырмасы

Ауызша және жазбаша тапсырма беріп үйренесің.

міндет
міндетті түрде

Сөйлесейік

1. Сұрақтарды көршіңмен талқыла.

1. Үйде атқаратын міндетің бар ма?
2. Үйде не істейсің?
3. Анаңа қалай көмектесесің?

Оқыық

2. Хатты оқы. Үй шаруасына қатысты қандай міндеттер аталғанын айт.

Балам, бүгін мен жұмыста ұзақ отырамын. Сен мына шаруаларды орында. Бірінші, інілеріңді, қарындасыңды тамақтандыр. Тамақ дайын. Тоңазытқышта тұр. Міндетті түрде тамақты ысыт.

Екінші, ұлдар үй тапсырмасын орындасын. Сен оларды міндетті түрде тексер. Телефон мен планшетті берме. Сабақтарын оқып, аулада ойнасын. Ал Назымға «Көркем жазу» дәптерін бер. Қолын жаттықтырсын.

Назымды сыртқа шығарма. Ауырып жүр. Үйде болсын. Ыдысты жу, асүйді жина. Назым қасыңда отырсын. Көріскенше! Сәлемнен, анаң.



Оқып және жауап берейік

3. Суреттерді ретімен қой. Анасы баласына қандай тапсырмалар берді?

Үлгі: Анасы баласына: «Інілеріңді, қарындасыңды **тамақтандыр**», – деді.

Жаттығайық

4. Сурет пен үлгіні пайдалан. Сөйлем құрап жаз.

Үлгі: Мен үй сыпырайын. Сен... . Сіз... . Ол... .



Жаттығайық

5. Көп нүктенің орнына қосымшаны дұрыс жаз.

1. Мен бүгін еден жуайын... . 2. Сен бүгін теледидар қара..., одан да бақшаға қара. 3. Біз саябаққа бар..., одан да алаңдағы құстарға жем берейік. 4. Олар үйді жинамасын, біз жина... . Олар гүл отырғыз... . 5. Сіз қағазға жаз..., мен сізге компьютер берейін. 6. Сен еденді жу..., одан да шаң сүртші. 7. Кеттік, менімен бірге жүріңдер, қой бақ... .

8. Біз бақша егейік, сендер ауланы сыпыр... 9. Сен анаданды ренжіт..., айтқанын тыңда.

Жазайық

6. Ініңе хабарлама жазып қалдыр. Бірнеше шаруаларды тапсыр.

22 Қамқор немере

Тыңдаған мәтін бойынша сұрақтарға жауап бересің.
Жаңа сөздерді қолдану арқылы сөздік қорыңды кеңейтесің.

борыш
тірек
мақсат
туысқан
пікір
қамқор болу
алғыс айту

Ойланайық

1. Сөйлемдерді оқы. Мағынасына қарай сәйкестендір.

Әже, сөмкеңізді
маған беріңіз,
мен көтерейін.

Алғыс айту

Үйіме келдім,
қызым. Рақмет саған,
мақсатыңа жет.

Рақмет балам,
үлкен азамат бол.

Қамқор болу

Ата, дәріңізді ішіңіз,
мен әкеліп берейін.

Жаңа сөз үйренейік

| Мысалдар | |
|-------------------------|--|
| борыш – міндет | Ата-ананы құрметтеу – менің борышым. Адал азамат болып өсу – менің борышым. |
| тірек – сүйеніш | Ағам – менің тірегім. Ол маған үнемі көмек береді. |
| мақсат – жоспарлаған іс | Менің мақсатым – сабақты жақсы оқу. |
| пікір – ой | Мен бұл пікірмен келіспеймін. |

Сөйлесейік

2. Досыңмен бірге талқыла. Келісетініңді немесе келіспейтініңді айт. Үлгіні пайдалан.

1. Туысқандарға үнемі қамқор болу керек.
2. Ата-анаға қамқор болу – әр адамның **борышы**, міндеті.
3. Нағыз **азамат** – ата-ананың **тірегі**. Ол отбасын ешқашан ұмытпайды.
4. Ақылды бала алдына **мақсат** қояды.

Мен бұл пікірмен келісемін, себебі ...

Мен бұл пікірмен келіспеймін, себебі...

Тыңдайық

3. Сурет бойынша болжам жаса. Әңгіме не туралы болуы мүмкін? Мәтінді тыңда және оқы.

Бүгін Досанның әжесі ауырып қалды. Досан әжесін қатты уайымдады. Күні бойы әжесінің қасында болды. Ол әжесінің бөлмесін желдетті. Беті-қолын жууға көмектесті. «Әже, шай ішіңіз. Әже, дәрі ішіңіз. Әже, абайлап жүріңіз. Әже, жастықты түзейін, басыңызды көтеріңіз», – деп қамқор болды.



Әжесі: «Балам, үлкен азамат бол, мақсатыңа жет!» – деп алғыс айтты. «Мен бақытты әжемін. Менің сен сияқты **тірегім**, көмекшім бар,» – деп Досанды мақтады. Досан

жымиып: «Әже, бұл – менің борышым», – деді. «Сіздемаған қамқорсыз. Менің тірегімсіз», – деді әжесін құшақтап.

Оқып және жауап берейік

4. Сұрақтарды оқы. Мәтіннен жауап тауып айт.

Досанның әжесіне не болды?

Досан әжесіне қалай қамқор болды?

Досанға кім алғыс айтты? Қандай алғыс айтты?

Алғыс сөзге Досан не деп жауап берді?

-ндар/-ндер
-ындар/-індер

Жаттығайық

5. а) Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жаз.

Туысқандар – сендердің ең жақын адамдарың. Жақын адамдарға қамқор бол... . Ата-әжелеріңнің, әке-аналарыңның айтқанын тыңда... , құрметте... , сыйла... . Өз борыштарыңды ешқашан ұмытпа... .

Нағыз азамат – ата-анасының тірегі. Нағыз азамат бол... .

Алға үлкен мақсат қой... .

ә) Мәтінді өзгертіп жаз.

Туысқандар – сіздердің ең жақын адамдарыңыз. Жақын адамдарға қамқор болыңыздар. ...

б) Туысқандар – біздің ең жақын адамдарымыз. Жақын адамдарға қамқор болайық. ...

23 Жақсы, жаман

Өлеңді мәнерлеп оқысың.
Мәтіннен қажетті ақпаратты тауып
үйренесің.

түйме
алдау
еріну
мақұлдау
күту

Сөйлесейік

1. Өз мысалыңды айт. Үлгіні басшылыққа ал.

Қайтсең, жаман бала боласың?

Сабақты оқымасаң, жаман бала
боласың.
Құстың ұясын бұзсаң, жаман бала
боласың.
Өтірік айтсаң, жаман бала боласың.
Жалқау болсаң, жаман бала боласың.



Қайтсең, жақсы бала боласың?

Сабақты жақсы оқысаң, сен жақсы
бала боласың. Көгершінді аясаң, сен
жақсы бала боласың. Досыңа адал
болсаң, сен жақсы бала боласың.
Ініңді ойнатсаң, сен жақсы бала
боласың.



! Назар аударайық

| | |
|----------|------------|
| Жазылуы | Айтылуы |
| аяу, ұят | айау, ұйат |

Оқиық

2. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Жақсы мен жаман

Қайыр күтпе баладан,
Өз мысығын сабаған.
Кім алдаса анасын,
Оған қалай нанарсың.

«Екі» болса алғаны,
Бала ұятқа қалғаны.
Ойнап жүріп жыласа,
Орынды емес бұл аса.

Ерінсе қол жуғанға,
«Нассың», – дейміз
мұндайда.
Мұнша уақыт санарлық,
Бар екен ғой жамандық.

Уәдесін сақтаған,
Баланы жұрт мақтаған.
Болады әрі санауға,
Жақсылық көп қалайда.

Қастек Баянбай

Аттың жалында ойнау – атқа жақсы отыру.

Оқып және жауап берейік

3. Сөйлемдерді өлең жолымен сәйкестендір.

- а) Егер бала мысығын сабаса, ол жақсы бала болып өспейді.
- ә) Егер кімде-кім анасын алдаса, оған сенуге болмайды.
- б) Егер бала екілік алса, ұятқа қалғаны.
- в) Егер бала қолын жумаса, салақ бала болғаны.
- г) Егер бала көгершінді аяса, оған жем берсе, ұя салса, ол жақсы бала болады.

д) Егер бала досына адал болса, оны нағыз азамат деп айтуға болады.

е) Егер бала немесе қыз інісін ойнатса, оны бақса, жақсы бала болады.

ж) Егер ойынға қатыссаң, әділ ойна. Бұл жақсы мінез болады.

з) Егер бала әжесін сыйласа, оны күтсе, «Бұл ісің дұрыс», – деп мақтаймыз.

и) Егер бала өзі түйме қадауды білсе, өзі үшін жақсы дейміз.

к) Егер бала өзінің уәдесінде тұрса, ол ел мақтайтын адам болады.

! Есте сақтайық

| | | | |
|--------|--|---------|----------------|
| Мен | алдасам, оқысам, ерінсем | | -м |
| Сен | алдасаң, оқысаң, ерінсең | | -ң |
| Сіз | алдасаңыз, оқысаңыз, ерінсеңіз | -са/-се | -ңыз/ңіз |
| Ол | алдаса, оқыса, ерінсе | | - |
| Біз | алдасақ, оқысақ, ерінсек | | -қ/-к |
| Сендер | алдасаңдар, оқысаңдар, ерінсеңдер | | -ңдар/ ңдер |
| Сіздер | алдасаңыздар, оқысаңыздар, ерінсеңіздер | -са/-се | -ңыз/ ңіз |
| Олар | алдаса, оқыса, ерінсе | | - |

Жазайық

4. Салыстырып жаз. Үлгіні басшылыққа ал.

Меніңше, жақсы бала болу ортаға байланысты. Мысалы, сен еңбекқор баламен дос болсаң, сен де еңбекқор боласың. Егер сен сотқар баламен дос болсаң, сотқар боласың.

Меніңше, жақсы адам болу үшін көп оқу керек. Егер біз кітапты көп оқысақ, көп білеміз. Егер біз көп оқымасақ, біліміміз аз болады.

24 Қайталау

«Кімді?», «нені?» сұрақтарының мағынасын түсінесің.
Сұрақтарға жауап бере аласың.

Сөйлесейік

«Кімді?», «нені?» сұрақтарының мағынасын түсінемін.
Сұрақтарға жауап бере аламын.

1. Сұрақтар жауап бер.

- 1) Нені апарып бердің?
Мен алманы апарып бердім.
- 2) Нені екіге бөлейін?
- 3) Нені анаңа көрсетпейсің?
- 4) Нені жыртуға болмайды?
- 5) Суретте кімді салдың?



Өзімнің және көптің атынан ұсынысымды жеткізе аламын.

1. Үлгі бойынша сөйлем құра.

Үлгі: Мен үйіңізді жинап берейін/Біз бақшаны суғарайық.

Ағаш отырғызу, үй сыпыру, ит пен мысықты күтіп бағу, тамақ пісіру.

Өзімнен кішілерге, оқушыларға кеңес бере аламын.

2. Сөйлемдерді толықтырып айт.

1. Сабақта телефон ...
2. Көшеде құлаққап ...
3. Көркем және таза жаз. Ешқашан дәптерді ...
4. Теледидар көп қарама, кітап ...

Өзгелерге ұсыныс жасай білемін. Тілек білдіре аламын.

3. Үлгі бойынша айт.

Үлгі: Мен сурет салайын.
Келіңдер, футбол ойнайық.



Өзгеге нұсқау бере аламын.

4. Суретке қарап, өзің үшін нұсқау жаз.

Үлгі: 1. Күн сайын ерте тұр.


2. Төсекті жина.

3. ...



Адамды сипаттайтын жағымды және жағымсыз қасиеттер атауын білемін.

5. Сызбаны толықтырып айт.



Адамның мінезін сипаттай аламын.

6. Сөйлемдерді жалғастырып айт.

| Менің анам | Менің досым |
|--|--|
| Менің анам – ақылды, мейірімді адам. Ол өте көңілді. ... | Менің досым – қарапайым бала. Өте сабырлы, салмақты. ... |

25

Қуыршақтар

Жақсы және жаман қасиеттер туралы өлең оқисың.

осындай
ұрыншақ
сотқар
қызғаншақ
жалқау

Жаңа сөз үйренейік

Кәмпит алыңыз. Менде кәмпит көп.



жомарт

Менің қуыршағым жомарт.

Жоқ бермеймін. Менікі.



қызғаншақ

Мен гүлге су құямын.



Менің қуыршағым еңбекқор.

еңбекқор

Мен шаршадым.



Менің қуыршағым жалқау.

жалқау

! Есте сақтайық

| | | |
|-----|--------------|-----------|
| Сен | жомартсың | -сың/-сің |
| | еңбекқорсың | |
| | мейірімдісің | |
| Сіз | жомартсыз | -сыз/-сіз |
| | еңбекқорсыз | |
| | мейірімдісіз | |
| Ол | жомарт | |
| | еңбекқор | |
| | мейірімді | |



сотқар, ұрыншақ

Жаттығайық

1. Суреттегі кейіпкерлердің атынан сөйлеп, диалог құрастыр.

- Сәлем, сен кімсің?
- Мен Донимын. Ал сен кімсің?
- Мен Сарамын.
- Нешінші сыныпта оқисың?
- Мен үшінші сыныпта оқи-

мын.

- Әлі кішкентай екенсің ғой.

Мен төртінші сыныпта оқимын?

- Менімен ойнайсың ба?
- Иә, ойнаймын.
- Ойыншық бересің бе?
- Міне, ал.
- Сен жомартсың.



! Назар аударайық

| | |
|---------|---------|
| Жазылуы | Айтылуы |
| ұрыншақ | ұрұншақ |

Оқиық

2. а) Өлеңді мәнерлеп оқы. Түсінгеніңді айтып бер.



Айтқан тілді алмайсың,
Оқуға да бармайсың.
Сөйлеші, қуыршағым,
Неге **осындай** болғансың?

Ұрыншақсың, сотқарсың,
Қызғаншақсың, жалқаусың.
Сөйлеші, қуыршағым,
Неге **осындай** болғансың?



Ол мектепке барады,
Ылғи бестік алады.
Жұмсай қалсаң егер де,
Құлыншақтай шабады.

Үйді жинап, жуады,
Құстарға жем шашады.
Жағаласып менімен,
Нан да бірге басады.

Н.Дәулеткереева

ә) Өлеңде қандай қасиеттер айтылады? Жақсы және жаман қасиеттерді ажыратып айт.

Сөйлесейік

3. Өзіңнің ойыншық кейіпкерің туралы әңгімелеп бер. Сенің кейіпкерің қандай?

Менің қонжығымның аты – Балу. Ол 8 жаста. Ол орманда тұрады. Балу өте ақылды, жомарт, мейірімді. Ол жалқау емес, ұрыншақ емес.

! Назар аударайық

Мен ұрыншақ емеспін
Сен ұрыншақ емессің
Сіз ұрыншақ емессіз
Ол ұрыншақ емес

26 Жаман дос

Оқыған мәтіндегі кейіпкердің іс-әрекетін бағалауды үйренесің.
Мәндес және қарсы мәндес сөздерді меңгересің.
Айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздермен танысасың.

ұялу
қарт
достық

Жаңа сөз үйренейік



күшті



әлсіз



қарт



жас



сау



ауру

Ойланайық

а) Қарсы мағыналы сөздерді тап.
сау жақсы
қарт әлсіз
күшті ауру
жаман жас

ә) Мәндес сөздерді тап.
жолдас мықты
күшті нашар
жаман дос

Оқыық

1. Суретке қарап, өңгіменің мазмұнын болжа. Оқып, болжамыңды салыстыр.

Жаман жолдас.

Екі дос жолда келе жатады. Олардың алдынан бір аю шығады. Екеуінің біреуі әлсіз, ауру еді. Ал екіншісі мықты, жас жігіт болады. Осы кезде жас жігіт ауру жолдасын тастап, үлкен ағаштың басына шығып кетеді.





Аю ауру жігіттің қасына келеді. Оны иіскейді де, кетіп қалады.



Ауру жігіт ағашқа шыға алмайды. Ол жерге жата қалады.



Жолдасы ағаштан түсіп:
– Достым, аю құлағыңа не сыбырлады? – деп сұрайды.
Ауру жігіт сонда:
– Аю маған: «Басқа дос тап. Бұл – нашар адам. Мұндай адаммен жолдас болма», – деді. Досы қатты ұялып, төмен қарапты.

А. Сухомлинский

Оқып және жауап берейік

2. Сұрақтарға жауап бер.
1. Мықты жігіт неге ағаштың басын шығып кетті?
2. Ауру жігіт неге жерге жата қалды?
3. Мықты жігіт дұрыс жасады ма?
4. Сен не істер едің?

! Есте сақтайық

| Жазылуы | Айтылуы |
|---------|---------|
| аю | айу |

Сөйлесейік

3. Әңгімені рөлге бөліп оқыңдар. Рөлдік ойын үлгісін көрсетіңдер.

Жазайық

4. Өз пікіріңді жаз.
Нағыз дос қандай болады?

27

Шегіртке мен Құмырсқа

Таныс сөздерге сүйеніп, мәтін мазмұнын түсініп оқысың.
Оқиганың болу себебін, кейіпкердің әрекетін бағалайсың.
Ойымызды дәлелдеп айтуға үйренесің.

сауықшыл
мұңды
өлеңшіл

Сөйлесейік

1. Сауалнаманы толтыр. Сұрақтарды сыныптастарыңа қой.

| Сұрақ | 1-оқушы | 2-оқушы | 3-оқушы | 4-оқушы |
|-------------------------------------|---------|---------|---------|---------|
| Сен қандай кітап оқыпсың? | | | | |
| Сен кімді ренжітіпсің? | | | | |
| Сен кімді қуантыпсың? | | | | |
| Сен осы аптада кімге көмектесіпсің? | | | | |

! Есте сақтайық

| Өткен іс-әрекет бар+ып+ты | | | |
|------------------------------|-------|-----|-----------|
| бару | -ып/- | -ты | барыпты |
| жалыну | іп/ | -ті | жалыныпты |
| сұрау | -п | | сұрапты |
| көру | | | көріпті |
| билеу | | | билепті |

Көрсетейік және айтайық

2. Төмендегі суретке қара. Кестедегі сөздерді жаттап ал. Мазмұнын болжап айт.



Оқиық

3. Мәтінді түсініп оқы.

Ертеде шырылдауық Шегіртке болыпты.

Ол өтес сауықшыл әрі жалқау болыпты. Жаз бойы көңілді өмір сүріпті. Ән айтыпты, билепті. Ол жапырақты тамақ қылыпты, көрпе етіп жамылыпты, үй жасапты. Өстіп, жаз өтіпті. Күз келіпті.

Сауықшыл Шегіртке ештеңе ойламапты. Жапырақ бітіпті. Үй де жоқ, тамақ та жоқ. Одан соң қыс келіпті. Шегіртке қатты тоңыпты. Ол Құмырсақадан көмек сұрапты.



– Қарағым, жылытшы, тамақ берші, – деп жалыныпты.

Құмырсақ сонда: «Неге жазда тамақ жинамадың? Неге жазда жұмыс істемедің? Неге жазда үй салмадың?» – деп ренжіпті.

Ойланайық

Мәтіннің соңын болжап көр. Құмырсақ көмек береді деп ойлауың ба?

Оқып және жауап берейік

5. Өз болжамыңды тексер.

«Қайтсін қолы тимепті,

Өлеңші, әнші, есіл ер!

– Ала жаздай ән салсаң,

Селкілде де, билей бер», – депті Құмырсақ.

көмек сұрапты
қарны ашыпты
тоңыпты
жалыныпты

Сөйлесейік

6. а) Сұрақтарға жауап айт. Өз ойыңды дәлелде.

Үлгі:

Шегіртке жазда не істепті?

Шегіртке жазда би билепті, ән айтыпты.

Неліктен олай істепті?

Өйткені ол сауықшыл болыпты.

1. Шегіртке күз түскенде не істепті? Неліктен олай істепті?

2. Шегіртке қыс түскенде не істепті? Неліктен олай істепті?

ә) Сөйлемдердің дұрыс не бұрыс екенін айт.

| | | дұрыс | бұрыс |
|---|------------------------------------|-------|-------|
| 1 | Құмырсқа сауықшыл болыпты. | | |
| 2 | Шегіртке еңбекқор болыпты. | | |
| 3 | Шегіртке қыста би билепті. | | |
| 4 | Шегіртке құмырсқаға тамақ беріпті. | | |
| 5 | Шегіртке мен Құмырсқа дос болыпты. | | |

Жазайық

7. Құмырсқа қандай? Шегіртке қандай?

| Құмырсқа | Шегіртке |
|----------|----------|
| шыдамды | еріншек |
| еңбекқор | жалқау |
| ... | ... |

28 Көмекші робот

Болжау әдісін пайдаланып, мәтінді оқысың.
Өзгені және өзіңді сипаттап беруді үйренесің.

таныстыру

Көрсетейік және айтайық

1. Суретке қара. Сурет бойынша диалог құра.



Ойланайық

2. Сұрақтарға жауап бер.

1. Робот ағаштан бұйым жасай алады.

Демек ол – шебер.

2. Робот тоңазытқышты көтере алады.

Демек ол – ...

3. Робот тамақ пісіре алады. Демек ол – ...

4. Робот футбол ойнай алады. Демек ол – ...

шебер
шапшаң
күшті

❗ Есте сақтайық

| | | | | | |
|-----|------------------|--|---------------|----------------------|----------------------------|
| Мен | Егер сөз соңында | А, ә, ы, і, у, й, р, м, н, ц | -мын/- мін | анамын әкемін | тәрбиелімін ақылдымын |
| | | В, б, г, д, п, с, т, ц, с, ш, к, қ, ц, ч, х | -пын/- пін | роботпын жігітпін | жомартпын зерекпін |
| | | З, ж | -бын/- бін | жұлдызбын | жауапсызбын көңілсізбін |
| Ол | – | Қосымша жалғанбайды. | | | |

Жаттығайық

3. а) Дұрыс қосымшаны таңда.

| | ...мын | ...мін | ...пын | ...пін | ...бын | ...бін |
|----------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|
| тәрбиелі | | | | | | |
| ақылды | | | | | | |
| көңілсіз | | | | | | |
| жомарт | | | | | | |
| Үміт | | | | | | |
| Алмас | | | | | | |


ә) Көп нүктенің орнына тиісті жалғауды қой. Өзің мысал ойлап жалғастыр.

1. Мен күшті..., мықты... . Ауыр затты көтере аламын.
2. Мен ақылды... . Кітап оқи аламын.
3. Мен еңбекқор... . Үй жинай аламын, тамақ пісіре аламын.

Жазайық

4. Суреттегі кейіпкерлерді сөйлет. Сөйлем құрап жаз.

Үлгі : Мен көріктімін. Ал сен көріксізсің.



29 Менің қалауым

Алға қойған мақсат туралы мәтінді тыңдап, талқылайсың.
Өз қалауың мен мақсатың туралы айтып, жазып үйренесің.

баспана
құрастыру

Сөйлесейік

1. Сұрақтарды көршіңмен бірге талқыла. Үлгіні қолданып сөйлесіңдер.

1. Сен ұшақпен ұшқың келе ме?
2. Сен тез өскің келе ме?
3. Шет тілін білгің келе ме?
4. Сен жақсы оқығың келе ме?

Үлгі:

Мен ұшақпен ұшқым келеді.

Себебі басқа елдерді көргім келеді.

! Есте сақтайық

| | | | |
|--|--------------------------------------|--------------------|--------------------------------|
| Мен қазір төтті тамақ Мен қазір ұшақпен | іш+кі+м келеді ұш+қы+м келеді | -қы/-кі -ғы/-гі | ...м келеді |
| Сен қазір төтті тамақ Сен қазір ұшақпен | іш+кі+ң келеді ұш+қы+ң келеді | -қы/-кі -ғы/-гі | ...ң келеді |
| Сіз қазір төтті тамақ Сіз қазір ұшақпен | іш+кі+ңіз келеді ұш+қы+ңыз келеді | -қы/-кі -ғы/-гі | ...ңыз келеді ...ңіз келеді |
| Ол қазір төтті тамақ Ол қазір ұшақпен | іш+кі+сі келеді ұшқы+сы келеді. | -қы/-кі -ғы/-гі | ...сы келеді ...сі келеді |

Жаттығайық

2. Жақшаны ашып жаз.

1. Мен сабақты жақсы (оқу) келеді. 2. Анама (көмектесу) келеді. 3. Ертегі (тыңдау) келеді. 4. Сен теледидар (қарау). 5. Сіз тамақ (пісіру) келеді. 6. Ол жақсы баламен (дос болу) келеді. 7. Сен жаңа киім (сатып алу) келеді. 8. Сіз (бақша егу) келеді. 9. Ол (үй жинау) келеді. 10. Мен (атқа отыру) келеді.

| | | | |
|--------------------------|----------------------|---------|-------------------|
| Біз (біздер) төтті тамақ | іш+кі+міз келеді | -қы/-кі | ...міз келеді |
| Біз (біздер) ұшақпен | ұш+қы+мыз келеді | -ғы/-гі | ...мыз келеді |
| Сендер төтті тамақ | іш+кі+лерің келеді | -қы/-кі | ...лерің келеді |
| Сендер ұшақпен | ұш+қы+ларың келеді | -ғы/-гі | ...ларың келеді |
| Сіздер төтті тамақ | іш+кі+леріңіз келеді | -қы/-кі | ...леріңіз келеді |
| Сіздер ұшақпен | ұш+қы+ларыңыз келеді | -ғы/-гі | ...ларыңыз келеді |
| Олар төтті тамақ | іш+кі+сі келеді | -қы/-кі | ...сі келеді |
| Олар ұшақпен | ұш+қы+сы келеді. | -ғы/-гі | ...сы келеді |

Жаттығайық

3. Жақшаны ашып жаз.

1. Біз құсқа (жем беру) келеді. 2. Сендер (өн айту) келеді. 3. Олар (доп ойнау) керек. 4. Олар (қыдыру) келеді. 5. Біздер (дос болу) келеді. 6. Олар ағылшынша (сөйлеу) келеді. 7. Сендер (сурет салу) келеді. 8. Сіздер басқа қалаға (бару) келеді. 9. Жаңа кітап (сатып алу) келеді. 10. Олар велосипед (тебу) келеді.

Ойланайық





4. 4 сұрақтан тұратын сауалнама құра. Сыныптағы 5 оқушыдан жауап ал.

Үлгі:

| Сұрақтар | 1-оқушы | 2-оқушы | 3-оқушы | 4-оқушы |
|--------------------------------------|---------|---------|---------|---------|
| 1. Қандай кітап оқығың келеді? | | | | |
| 2. Қандай шет тілін үйренгің келеді? | | | | |
| 3. Анаңа не сыйлағың келеді? | | | | |
| 4. Қандай адаммен дос болғың келеді? | | | | |

Тыңдап және жауап берейік

5. Мәтінді тыңда, жүргізіп оқы. Әр оқушының қалауы не екенін анықта. Жауапты стикердің көмегімен белгіле.

| | | | | |
|--------|---|---|---|---|
| |  |  |  |  |
| Бекзат | | | | |
| Айнұр | | | | |
| Еламан | | | | |
| Жұлдыз | | | | |
| Дархан | | | | |

Айнұр: Бекзат, сен алдыңа қойған мақсатың бар ма?

Бекзат: Иә, мен құрастыру жұмыстарын ұнатамын. Өскенде өзіме әдемі баспана салғым келеді.

Жұлдыз: Ал мен сенің үйіңнің айналасын гүлмен безендіріп беремін. Гүлшоқтарын сәндеуді, үйдің айналасына гүл отырғызуды қатты ұнтамын.

Дархан: Мен көлік жасағым келеді. Кеше теледидардан көлік жасау туралы керемет бағдарлама көрдім.

Еламан: Көлік жасау үшін де, үй салу үшін де көп оқу керек. Мен әзірге кітап оқығым келеді.

Айнұр: Менің қалауым не сонда? Мен де үй салғым келеді, мен де көлік жасағым келеді. Мен де үйдің айналасын гүлмен сәндегім келеді. Тек кітап оқығым келмейді. Не істесем екен? Кітап оқымасам болмай ма?

Жазайық

6. Сенің қалауың не? Ол үшін не істейсің?
Алдыңа қандай мақсат қоясың?

30

Қайырымды қойшы

Мәтін бөліктерінің мазмұнын түсініп, ретін анықтайсың.
Кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беріп үйренесің.

қиыршық тас
асыл тас
бұзылып қалу

Жаңа сөз үйренейік



қиыршық тас



асыл тас



бұзылып қалу

Оқиық

1. Ертегіні оқы. Шатасқан мәтін бөліктерін ретімен қой.

А. Ертеде бір Қарлығаш болыпты. Ол ауылдың сыртындағы жалғыз ағашты мекендепті. Күн сайын ұясында отырып, бір қойшының әнін тыңдайды екен.

Г. Бір күні қатты дауыл тұрып, Қарлығаштың ұясы бұзылып қалыпты. Қарлығаш баспанасыз қалып, егіліп жылайды. Оның даусын Қойлар естіп, қойшыны ертіп келеді.

Б. Қойшы:

Тойып тамақ ішкім келеді,

Жаңа үйге көшкім келеді, – деп ән салады екен.

Ә. Бірде Қарлығаш ұшып бара жатып, жартастың арасынан жарқыраған тастарды байқайды. Қарлығаштың есіне қойшының жақсылығы түседі.

Е. Қарлығаштың қайта құрастырады. Ұяны орнына қояды. Қарлығаш: «Адамның жақсылығын ұмытпаймын», – деп уәде береді.

В. Қарлығаш қойшының үйіне күнде бір асыл тас апарып тұрады. Қойшы үйіне тамақ, әпкесі мен анасына киім, отбасына үй сатып алады. Осылайша, қойшының арманы орындалыпты. Қарлығаш қазір де көмек керек адамдарға асыл тас тасып жүрген көрінеді.

Оқып және жауап берейік

2. Дұрыс жауапты көрсет

1. Қарлығаш қай жерді мекендепті?

- а) Ауылдың сыртындағы өзенді;
- ә) Ауылдың жанындағы сайды;
- б) Ауылдың сыртындағы жалғыз ағашты.

2. Қойшының қалауы не болыпты?

- а) Қойшы қой баққысы келді.
- ә) Жаңа баспана сатып алғысы келді.
- б) Қарлығаштың ұясын бұзғысы келді.

3. «Жақсылықты ұмытпаймын», – деп өзіне уәде еткен кім?

- а) қойшы;
- ә) қой;
- б) қарлығаш.

4. Қойшы арманына қалай жетеді?

- а) Қойшы көп еңбек етті.
- ә) Қойшы қиыршық тас тауып алды.
- б) Қойшыға Қарлығаш көмектесті.

5. Қарлығаш қандай құс?

- а) мейірімді, ақылды;
- ә) сабырлы, қорқақ;
- б) жауапты, жалқау;

Ойланайық

3. Ертегінің кейіпкерлерінің жақсы қасиеттері туралы жаз.

Қарлығашты қайырымды, мейірімді деп айта аламын. Себебі ...

Қойшыны қайырымды, мейірімді деп айта аламын. Себебі ...

31 Мысық, Әтеш және Түлкі

Оқыған ертегінің мазмұнын айтып үйренесің.
Оқығаның себебін түсіндіре білесің.

достық
құтқару
шыдамсыз
себебі
бұршақ

Сөйлесейік

1. Достық дегеніміз не?
Сен досыңа қандай жақсылық жасайсың?
Сенің досың кім?
Сенің досың қандай?

Оқиық

3. Ертегіні оқы.

Ертеде Мысық пен Әтеш дос болыпты. Бір күні Мысық орманға кетеді.

– Сен терезені ашпа, терезенің қасына келме, айналада Түлкі жүр, – дейді Әтеш.

– Жақсы. Терезені ашпаймын, уәде беремін! – дейді Әтеш.

Бірақ ол уәдені ұмытып кетеді. Бір кезде Түлкі терезеге келіп былай дейді:

– Әтеш, Әтеш! Терезеге қарашы, мен саған бұршақ берейін.

Шыдамсыз Әтеш бұршақ жегісі келеді. Терезені ашып бұршақты алғысы келеді. Осы кезде Түлкі Әтешті ұстап, орманға алып кетеді.

Мысық үйге келсе, Әтеш досы үйде жоқ екен. Ол Әтешті іздеп, Түлкінің үйіне барады. Осы кезде Әтеш:

– Мысық, досым, көмектесші?! – деп жылап жатады.

Мысық өте ақылды еді. Ол үйдің жанына тұрып, ән салады. Осылай үйде кім бар екенін тексереді. Түлкі:

– Бұл не? Қандай әдемі ән! – деп тыңдайды. Осы кезде Әтеш «Кукареку!» – деп шақырады. Мысық Әтешті осылайша құтқарады.

Көрсетейік және айтайық

2. Суреттерге мұқият қара. Суреттен не көріп тұрғаныңды айт. Ертегі оқиғасын болжап көр.



Оқып және жауап берейік

4. Дұрыс жауапты белгіле.

Әтеш неліктен терезені ашады?

а) Әтеш терезені ашады, себебі ол бұршақты көргенде шыдай алмайды.

ә) Әтеш терезені ашады, себебі ол Түлкімен дос болғысы келеді.

б) Әтеш терезені ашады, себебі ол Мысық келді деп ойлайды.

Мысық неліктен Әтешті құтқарады?

- а) Мысық Әтешті құтқарады, себебі ол жалғыз тұра алмайды.
 ә) Мысық Әтешті құтқарады, себебі ол – адал дос.
 б) Мысық Әтешті құтқарады, себебі ол Әтештен қорқады.

Жазайық

5. Мысық пен Әтешті салыстырып жаз.

Мысық

Мысық – өте... . Себебі ол Түлкіден қорықпайды.
 Мысық – Себебі ол Түлкінің үйіне барғанда ән салады.
 Мысық – дос. Себебі ол Мысықты құтқарады, тастап кетпейді.

Әтеш

Әтеш – өте Себебі ол Түлкіден қашып кете алмайды.
 Әтеш – Себебі ол бұршақты көргенде бәрін ұмытады.
 Әтеш – Себебі ол Мысық досын ойламайды.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР

32 Қайталау

Сөйлем құрай аламын.

1. Сөйлемнің жалғасын жаз.

1. Інім тәтті сұраса, _____.
2. Інім жыласа, _____.
3. Анам шаршаса, _____.
4. Атам көмек сұраса, _____.
5. Досым хат жазса, _____.
6. Туған күнге шақырса, _____.
7. Демалысқа шықсам, _____.

Болып өткен оқиға туралы жаза аламын және айта аламын.

2. а) Жақшадағы сөздерді өткен шақ мағынасында жаз.

Ертеде өте еңбекқор құмырсқа (болу). Ол үнемі үйіне дән (тасу). Ол көп дән (жинау). Қыста оның тамағы да, отыны да болыпты. Бір күні оған шегіртке (келу). Құмырсқа оған есік (ашу). Оны үйге (кіргізу). Шегірткеден неге келгенін (сұрау). Шегіртке Құмырсқадан көмек сұрапты. «Ішетін тамағым жоқ, киетін киімім жоқ, тұратын үйім жоқ», – деп (жылау). Құмырсқа оны аяпты. Үйінде (қалдыру). Шегіртке еден (сыпыру), (үй жинау), тамақ (пісіру). Құмырсқа оған алғыс (айту). Шегіртке еңбек етуді (үйрену). Көктемде Шегіртке өз үйін (салу). Құмырсқаға рақмет айтып (қоштасу).

ә) Ертегі құрап жаз.

Баяғы өткен заманда ... болыпты. Ол үнемі үйіне ... тасыпты. Оның үйінде ... көп болыпты. Бірде оған ... кездесіпті. Одан ... сұрапты, жалыныпты. «...», – деп жылапты. ...

Сөздің және сөйлемнің болымды мағынасын болымсыз мағынаға өзгерте аламын.

3. Сөздерді өзгертіп жаз.

Үлгі: шаршаймын – шаршамаймын

ойлаймын
ойнаймын
сұраймын
айтасың
барасыз

көресіз
таңдаңыз
көмектесіңіз
тап
жазыңыз

айт
жина
тазала
кездес
шақырыңыз

Сөйлемдердің жалғасын болымсыз мағынада жаз.

4. Үлгіде көрсетілген жаз.

Үлгі: Мен көтерейін, беріңіз. Мен шаршаймын.

1. Бүгін мейрам ғой, сабақ (жазу).
2. Көзім ауырады, кітап (оқу).
3. Өте ауыр екен, қоржынды (алу).
4. Мені ренжіттің, базарлық (өкелу).
5. Сабақ оқимын, (ойнау).

Адамның жағымды қасиеттерін сипаттай аламын.

5. Сөзжұмбақты шеш.

1.



2.



қандай?

1.


2.

3.

4.

5.

6.



4.



3.



6.



5.



33



Біз қаладан келеміз

Қайдан келе жатқаныңды айта аласың.

өріс
жайлау
маңдайынан иіскеу

Көрсетейік және айтайық


1. Балалар қайдан келеді?



| | | | | |
|---------|------------------|--|--------------|--|
| Қайдан? | Егер сөз соңында | б, в, г, д, к, қ, п, с, т, р, ф, х, ч, ш, щ | -тан -тен | алыстан өрістен |
| | | м, н, ң | -нан -нен | анамнан көкемнен қаласынан інісінен |
| | | -сы/-сі | | |
| | | а, е, ы, і, ю, я, ж, з, и, й, л, р, у | -дан -ден | қаладан төбеден |

Жаттығайық


2. а) Сұраққа жауап бер.



ә) Диалогті толықтыр.

- Бип, бип, ... былай тұрындар.
- О, балалар, қайдан келесіңдер?
- ... келеміз.
- Сендермен бірге ұшсам бола ма?
- Әрине, отыр.
- Ал, кеттік, бип, бип. ... көтерілеміз.

Жаңа сөз үйренейік



өріс



қуаттандыру



маңдайынан иіскеу

Тындап және жауап берейік

3. Мәтінді тында, толықтыр. Қажетті сөздерге тиісті қосымшаны жалғап қолдан.

Қажетті сөздер: қала, ауыл, жер, өзен, жоғары, жайлау, киіз үй.

Кемел мен Нүрәлі 1 _____ ерте шықты. Олар 2 _____ баяу көтерілді. «Керемет!» – деді Кемел. 3 _____ бәрі көрінеді.

Балалар жолшыбай 4 _____ балық аулады. Ол жерден Жихан көлікке отырды. Жолшыбай балалар 5 _____ қой алды. Ол жерден Зейне көлікке отырды. Жолшыбай балалар 6 _____ көлікті қуаттандырды. Ол жерден Сәрсен көлікке отырды. Балалар бірге жайлауға келді. 7 _____ Нүрәлі мен Кемелдің әжесі шықты. «Қош келдіңдер, балаларым!» – деп барлығын маңдайынан иіскеп, құшағына қысты.

Ойнайық

4. Рөлдік ойынға қатыс. Жайлауға қалай жеткендерінді айтып беріңдер.



34 Нағыз өнер – қолөнер

Заттың неден жасалғаны туралы айтып үйренесің.
Былғары мен ағаштан жасалатын заттармен танысасың.

құмыра
қоржын
былғары

Сөйлесейік

1. Заттар неден жасалған? Айтып бер.

Үлгі: Белдік былғарыдан жасалған.



белдік



құмыра



қасық



торсық



сандық



қоржын



ер-тоқым



тұмар



табақ



домбыра



қамшы



бесік

! Есте сақтайық

| | | | | |
|--------|------------------|--|--------------|-------------------------|
| Неден? | Егер сөз соңында | б, в, г, д, к, қ, п, с, т, р, ф, х, ч, ш, щ | -тан -тен | ағаштан жіптен |
| | | а, е, ы, і, ю, я, ж, з, и, й, л, р, у | -дан -ден | қағаздан ермексаздан |
| | | м, н, ң -сы/-сі | -нан -нен | ұннан жемнен |

Жаңа сөз үйренейік

2. Сөйлемдерге жауап жаз.

Қоржын неден жасалған?

Тымақ неден жасалған?

Кітап неден жасалған?

Үй неден жасалған?

Былғары – малдың жұмсақ иленген терісі.

Оқиық

3. Диалогті рөлге бөліп оқы.

Заттар неден жасалады?

Нүрәлі: Ата, мына тұмар неден жасалды?

Ата: Бұл тұмарды былғарыдан жасадым.

Нүрәлі: Теріден тағы не жасадыңыз?

Ата: Мінеки, теріден ертоқым, торсық жасадым. Белдік те былғарыдан жасалады.



Нүрәлі: Ата, өте шебер екенсіз. Маған белдік жасаңызшы.

Әже: Атаң шебер ғой, үйде ағаштан жасалған біраз дүниелері бар. Міне, қара.

Кемел: Керемет! Кесе, табақ, қасық, ожау ағаштан жасалыпты.

Нүрәлі: Ең алғаш ағаштан не істеп едіңіз, ата?

Ата: Ең бірінші қамшының сабын жасадым. Одан кейін бесік жасадым.

Кемел: Домбыраны да өзіңіз жасадыңыз ба?

Ата: Жоқ, ұстазымнан сыйға алдым. Ол он саусағынан бал тамған адам болды.

Бұлақтан су
әкелдім.
Су ішіңдер.



Керемет, мынау
нағыз өнер ғой. Нағыз
ағаштан жасалған.

Оқы және жауап бер

4. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Атай ағаштан қандай заттар жасаған?
- 2) Ата былғарыдан қандай заттар жасады?
- 3) Ата ең алғаш не жасады? Ол неден жасалған?
- 4) Атадан бала не сұрады?

Он саусағынан
бал тамған адам
«шебер адам»
дегенді білдіреді.

35 Базарлық

«Кімнен?» сұрағына жауап беруге үйренесің.
Қазақтың ұлттық тағам түрлерімен
танысасың.

ірімшік
қаймақ
құрт
тақия
табу

Көрсетейік және айтайық

1. Атасы мен әжесі балаларға не сыйлады?



Ірімшік пен қаймақты
ұмытпа.

Әте сәнді тақия.

Рақмет әже!



! Есте сақтайық

| | | | | |
|---------|-------------|--|--------------|---------------------|
| Кімнен? | Сөз соңында | б, в, г, д, к, қ, п, с, т, р, ф, х, ч, ш, щ | -тан -тен | атадан Есеттен |
| | | м, н, ң -сы/-сі | -дан -ден | Айнұрдан әжеден |
| | | а, е, ы, і, ю, я, ж, з, и, й, л, р, у | -нан -нен | Айжаннан Есеннен |

Оқиық

2. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып оқы.

Нүрәлі пен Кемел ата-әжесі... мол базарлық алып келді.

– Атам... сыйға белдік алдым, қараңыз, – деп мақтанды Кемел.

– Менің әжем... сыйға алған тақиям қалай? Өте сәнді ме? – деп мақтанды Нүрәлі.

– Бізге ештеңе жоқ па? – деп сұрады анасы балалар....

– Әжем... сізге базарлық бар. Қоржыннан алыңыз. Оларды қала... табу қиын. Мінеки, айран, ірімшік, құрт, қаймақ, бауырсақ, – деді Кемел қуанып.

– Әке, сіз торсық... қымыз құйып ішіңіз, – деді Нүрәлі.

Ата-аналары балаларына риза болды.

– Балаларым, сендерге көп рақмет, бақытты болыңдар, – деп алғыс айтты әкелері.

– Балаларым... айналдым, мұндай балаларды әлем... таппайсың – деді аналары.

Оқып және жауап берейік

3. Мәтінді қайтадан түсініп оқы. Сұрақтарға жауап бер.

1. Кемел мен Нүрәлі қайдан келді?
2. Балалар сыйлық пен базарлықты кімнен алды?
3. Атасынан Кемел не алды?
4. Әжесінен Нүрәлі не алды?
5. Қоржыннан қандай тамақтар шығарылды?
6. Әкесі қымызды неден құйып ішті?

Сен білесің бе?

Базарлық – алыстан әкелген зат немесе тағам. Базарлықты жақсы көрген адамдарға береді.

Ойланайық

4. Үлгі бойынша сөйлем құрап жаз.

Үлгі: Атамнан белдік алдым. Ол өте сәнді.

Әжемнен құрт алдым. Ол өте дәмді.

Жаттығайық

5. а) Сөйлемдегі көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны жаз.

1. Әжем... құрт пен ірімшік әкелдім.

2. Атам... былғары белдік сыйға алдым.

3. Айман... домбыра тартуды үйрендім.

4. Әкем... қамшы сұрадым.

5. Есен... ер-тоқымды ал.

6. Асан... құмыра жасап үйрендім.

ә) Асты сызылған сөздерге сұрақ қой.

Кімнен?

Неден?

Қайдан?

6. Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қой.

1) Мен **қаладан** келдім.

2) **Анамнан** сәлемдеме алдым.

3) **Қымыздан** құйып іштім.

4) **Қоржыннан** құрт пен ірімшік алыңыз.

5) **Сүтті құмырадан** құйып ішіңіз.

6) **Айраннан** құрт алады.

7) **Қаймақтан** май жасайды.

8) **Қоржынды матадан** тігеді.

9) **Сүттен** ірімшік, қаймақ, құрт жасайды.

10) **Атадан** сыйлық алдым.

11) **Ұннан** бауырсақ пісірдім.

36

Отбасылық мереке

Қазақтың ұлттық киімдерімен танысасың.
Келешекте болатын әрекет немесе оқиға туралы айта білуге үйренесің.
Заттың кімдікі екенін ауызша және жазбаша жеткізуді үйренесің.

кимешек
шапан
тақия
қамзол
қос етек
көйлек

Ойланайық

1. Суретке қара. Суреттерді саусағыңмен жүргізіп, атауларымен қос.

тақия

қос етек
көйлек

қамзол



кимешек



шапан



кебіс



Сөйлесейік

2. Суреттерде берілген киімдерді сипатта.

Үлгі: Кимешек өте әдемі. Ол ақ матадан тігіледі. Оның түсі ақ. Кимешектің шетінде қызыл оюлар бар. Әжемнің сәнін келтіреді.

Көрсетейік және айтайық

3. Сұрақтарға жауап бер.

1. Отбасы қандай тойға әзірленіп жатыр?
2. Отбасы мүшелері қандай киім киген?



Тыңдап және жауап берейік

4. а) Мәтінді тыңда және оқы. «Кімнің?», «ненің?» сұрақтарына жауап беретін сөздерді анықта.

Отбасылық мереке

Бүгін біздің үйде той болады. Менің қарындасымның тұсауын кесеміз. Міне, қараңыз. Үйдегі адамдардың бәрі ұлттық киімдерін киген. Әжемнің кимешегі өзіне сондай жарасады. Қамзолдың ою-өрнегі қандай әдемі! Атамның шапаны да өте әдемі. Оның қалпағы өзіне жарасады. Әкемнің тақиясы мен менің тақиям бірдей. Әне, біздің үйдің ерке қызы келе жатыр. Оны кіндік шешесі көтеріп келе жатыр. Қазір Томиристің тұсауын кеседі. Томириске қараңыздаршы, сондай сүйкімді. Ол үстіне қос етек көйлек киген, басына тақия киіпті, аяғында былғары кебіс те бар.

ө) Сұрақтарға жауап бер.

1. Болаттың отбасында қанша адам бар?
2. Болаттың үйіне кімдер қонаққа келді?
3. Болаттың қарындасының аты кім?
4. Болаттың үйінде болатын «отбасылық мереке» қалай аталады?

Жаңа сөз үйренейік

5. Сөздердің мағынасын түсіндірме сөздіктен тауып жаз.

кебіс

кіндік шеше

Жаттығайық

6. а) Сөздермен сөйлем құрап жаз.

Кимешек, тақия, қалпақ, қамзол, шапан, қос етек көйлек.

Үлгі: Менің кіндік шешемнің аты – Сәруар. Ол былғарыдан кебіс тігеді.

ө) Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны жаз.

1. Менің әжем... қамзолы әдемі.
2. Сенің атаң... қалпағы бар ма?
3. Сіздің әкең... тақиясы әдемі екен.
4. Томирис... кіндік шешесі келіпті.
5. Біз... отбасымыз өте үлкен емес.
6. Бүгін үйде отбасылық мереке болады. Той... қонағы болыңыз.

Сөйлесейік

7. Сөзді жасыр.

Үлгі: Оның түймесі бар. Оның оюлары болады. Ол ұзын немесе қысқа болады. Оны менің әжем киеді. Бұл не?

37

«Тұсаукесер» жыры

«Тұсаукесер» жырын оқысың.
Меншіктік мағынаны ауызша және жазбаша
жеткізе білуге үйренесің.

жыр
мәдениет
ала жіп
дәстүр
бата

Ойланайық

1. Сөздердің мағынасын келесі бағаннан тап.

- | | |
|------------|--------------------------------------|
| а) тілек | 1. Екі түсті жіп |
| ә) жыр | 2. Әнге қосып айтатын өлең |
| б) өнегелі | 3. Басқа адамдарға айтатын жақсы сөз |
| в) сыйлы | 4. Барлығы жақсы көреді |
| г) ала жіп | 5. Тәрбиесі мол |
| д) ғасыр | 6. Ата-бабадан қалған зат, өнер |
| е) мұра | 7. Баяғыда өткен жылдар |



«Тұсаукесер» рәсімі

Оқыық

2. Түсініп оқы.

«Тұсаукесер» рәсімінен қазақтың мәдениетін көруге болады. Дәстүр бойынша сәбидің тұсауын сыйлы, өнерлі, өнегелі адам кеседі. Ол адам сәбиге өзінің тілегін айтып, батасын береді. «Тұсаукесер» жырын айтып, ала жіпті пышақпен кеседі.

«Тұсаукесер» жыры – ғасырдан-ғасырға жеткен аса қымбат мұра. Жырлардың көп үлгілері бар. Олардың бірі мынадай болып келеді:

Қаз, қаз, балам, қаз балам,
Қадам бассаң мәз болам.
Тұсауыңды кесейін,
Күрмеуіңді шешейін.

Тұсауды неліктен ала жіппен кеседі? Оның мағынасы бар. Ол сәби адал болсын, ешкімге жамандық жасамасын деген тілекті білдіреді. Осы кезден бастап сәбидің өмір жолы басталады.



Бата беру



Қадам басу

Оқып және жауап берейік

3. Мәтін бойынша сұраққа жауап бер.
1. «Тұсаукесер» тойында болдың ба?
2. Тұсауды неліктен ала жіппен кеседі?
3. Тұсауды кім кеседі?
4. «Тұсаукесер» жырын кім айтады?

! Есте сақтайық

| | | | |
|----------|-------|-------------------|------------|
| Кімдікі? | -тікі | Шапан кімдікі? | Саматтікі |
| Ненікі? | -нікі | Ер-тоқым кімдікі? | Әсеттікі |
| | -дікі | Түйме ненікі? | қамзолдікі |

Жаттығайық

4. а) Сұрақтарды мұқият оқы. Сұраққа сөйкес жауап бер.

Үлгі: –Ала жіп кімдікі?

– Ала жіп біздікі, маған беріңіз. «Ала жіп» деген сөздің мағынасын білесің бе?

– Бұл ән кімдікі?

– Бұл той кімнің тойы?

– Кіндік шеше кімдікі?

– Тақия кімдікі?

– Мына түйме ненікі?

– Мынау кімнің кимешегі?

ә) Сөйлемді екінші нұсқаға өзгерт.

Үлгі: Менің жырым. – Жыр менікі.

1. Сенің ала жібің. 2. Оның қарындасы. 3. Адамның тілегі. 4. Оның тойы. 5. Біздің қонағымыз. 6. Сіздің балаңыз. 7. Біздің камера.

Ән салайық

5. Әнді қосылып айт.

Тұсаукесер

Әні: Ж. Қожагазина

Сөзі: Г. Нұрманова

Тұсауыңды кесейін,
Ала жіпті шешейін.
Құтты болсын талабың сенің,
Бөбегім, шын көңілмен
Тірегім бол өмірде,
Тұсалмасын қадамың сенің.

Қайырмасы:

Тәй-тәй,
Балапаным, қаз-қаз.
Ботақаным, байқап,
Қадамыңды бас.
Айналайын, тәй-тәй,
Балапаным, қаз-қаз.

Бүлдіршінім, бөбегім,
Қалауыңды берейін,
Тәй-тәй басып, келші **жаныма**.
Саған **мәз боп** қараймыз,
Қадамыңды санаймыз,
Тәй-тәй басып келші тағы да.
Ботақаным байқап,
Қадамыңды бас.

38 Кәдесый

Кәдесый атауларымен танысасың,
Сыйлықтың неден жасалғаны туралы
әңгімелеп
айтуды үйренесің.

текемет
ою-өрнек
қымбат
кәдесый
мұра
сәнді

Ойланайық

1. Суретке қара. Екі текеметті салыстыр. Әр текеметке қатысты сөз тіркесін құра.



Оқыық

2. Түсініп оқы.

Текемет – қазақ халқының көнеден келе жатқан қолөнер мұрасы. Текеметті қойдың жүнінен жасайды. Шеберлер оның бетіне түрлі түсті ою-өрнектер салады. Ою-өрнектермен текемет өте сәнді болады. Олар адамның көңілін көтереді.

Текеметтің оюлары киімнің оюынан бөлек. Бұл оюлар ірі болады және ретпен орналасады. Әр оюдың өз мағынасы бар. Олар тау мен тасты, жасыл жайлауды бейнелейді. Текеметтің ортасына және шетіне арналған ою-өрнектер болады.

Текеметтің пайдасы зор. Ол суық өткізбейді. Текеметке жәндіктер жоламайды. Текеметті бұрын кәдесый ретінде

де берген. Өйткені ол – қымбат бұйым. Қазіргі уақытта да текемет сияқты киізден жасалатын кәдесыйлар өте көп. Мысалы, киізден түрлі қуыршақтар, сөмкелер, дизайнерлік киімдер жасайды.

Оқып және жауап берейік

3. Мәтіннің әр бөлігіне сай тақырып таңда.

1. Текеметтің пайдасы
2. Текеметтің оюы
3. Текемет – көне қолөнер түрі
4. Текемет – сәнді бұйым
5. Текемет – қымбат кәдесый
6. Текеметтің пайдасы

Ойнайық

4. Суретте берілген кәдесыйлар неден жасалған? Асықты шыыр. Қай суретке түссе, сол сурет туралы айт.

| | | | |
|---|---|---|---|
|  |  |  |  |
| текемет | білезік | қамшы | қамзол |
|  |  |  |  |
| сәукеле | қап | торсық | қоржын |

| | | | |
|---|---|---|--|
|  |  |  |  |
| кітап | құмыра | құрт | астау |
|  |  |  |  |
| етік | тостаған | шелек | киізден жасалған ойыншық |

Жазайық

5. Киізден жасалған бұйым атауларын теріп жаз. Олармен сөйлем құра.

Сөйлесейік

6. Кәдесыйлар көрмесін ұйымдастырыңдар. Өз бұйымың туралы мәлімет бер.

Үлгі: Келіңіздер, көрсетейін. Мұнда сәнді киімдер мен бұйымдар өте көп. Мынау – қалпақ. Қалпақтың бағасы – 3500 теңге.



39 Сиқырлы кілем

Қайда баратыныңды ауызша және жазбаша жеткізе білуді үйренесің.

сарай
сиқырлы
кірпіш
кесене
ескерткіш

Жаңа сөз үйренейік



сарай



ескерткіш



кесене



кірпіш

Ойланайық

1. Сөйлемдерді оқы. Мағынасына көңіл аудар.

1. Мен кесененің ішіне кірдім. 2. Кесененің қасына ағаш отырғызылған. 3. Сазға құмды қоссаң, кірпіш қатты болады. 4. Қоржынға тамақтар салыпты. 5. Сарайдың терезесіне әйнектер орнатылған. 7. Сарайға барайық, суретке түсейік. 8. Сарайға шақырды. 9. Кесененің салынғанына көп уақыт болмаған. 10. Кірпішке де өрнек салған. 11. Ескерткішке бір немесе екі жыл болыпты. 12. Базарға жүр. 13. Мына әйнекке қара, өте әдемі. 14. Тасқа жаз. 15. Әйнекке сурет сал. 14. Торсыққа айран құйып алдым.

! Есте сақтайық

| | | | | |
|--------|------------------|---|----------|-------------------|
| Қайда? | Егер сөз соңында | б, в, г, д, к, қ, п, с, т, ф, х, ц, ч, ш, щ | -қа /-ке | қонаққа, Әсетке |
| Кімге? | | а, е, ы, і, у, ю, я, ж, з, й, л, м, н, р | -ға/-ге | ағаға, ініге |
| Неге? | | -ым, -ім, -м, -ың, -ің, -ң | -а/-е | балама, ініме |
| | | -сы -сі | -на/-не | баласына, інісіне |

Жаттығайық

2. а) Сөздерді тиісті бағанға жаз.

Бала, баласы, сарай, сарайы, көше, көшесі, құмыра, қоржын, ала жіп, тақиясы, саз, кесене, мұра, дәстүр, кесенесі, батасы, ескерткішің, шапаның, бата, ғасыр, құмырасы, киіз үй, текеметің, түндік, өрнегің, сандығың, шаңырақ, ұста, белдігің, бесігі, көйлегі, ірімшік, құрт, кілем, сиқыр, аспан, өріс.

| | -қа/-ке/-ға/-ге | -а/-е | -на/-не |
|--------|-----------------|-------|---------|
| Қайда? | | | |
| Неге? | | | |
| Кімге? | | | |

ә) Сөздерге тиісті жалғауды жалғап айт.

1. Бүгін тау... барайық. 2. Атам мен әжем... барамын. 3. Ол ел... сыйлы адам. 4. Сарай... кірмендер. 5. Көше... шығу керек. 6. Құмыра... су құйдым. 7. Ат... ер-тоқым керек. 8. Кәдесыйларды сандық... сал. 9. Бөпені бесік... салады. Апаң... айтшы. 10. Ірімшік... қаймақ қос. 11. Бұл текемет... көп жыл болды. 12. Қазақ жыр... өте бай. 13. Киіз шапандар қазір сән... айналған. 14. Әжелерің... сәлем айтыңдар. 15. Сенің анаң... базарлық бар. 16. Оның баласы... тақия тіктім. 17. Балалардың әжесі... қоржын беріп жібердім.

Оқыық

3. Түсініп оқы.

Кілемім, көшеге тоқта деймін. Қайда бара жатырмыз?

Білмеймін. Бір қалаға келе жатырмыз?

Бұл – Сығанақ, Қазақстанға келдіңдер.

Қонақүйге барайық.

Өте көне қалаға келдік.

Айтыңызшы, біз қай елге келдік?

Бұл кілемге не болды, неге ұшпайды? Апама барғым келеді.

Жүр, базарға барайық, кілемге ақыл кіретін шығар.

Оқып және жауап берейік

4. Әңгіменің мазмұнын болжап айт. Сұрақтарды басшылыққа ал.

1. Сұлтан мен Әсет қайда келе жатыр?
2. Балалар қай жерге тоқтады?
3. Балаларға бірінші кім кездесті?
4. Балаларға ол адам не дейді?

5. Сұлтан мен Әсет қайда барады деп ойлайсың?
6. Балалар неліктен көңілсіз?
7. Әрі қарай қандай оқиға болады деп ойлайсыңдар?

МӘДЕНИ МҰРА

40 Қайталау

Қайдан келе жатқаныңды түсіндіре аласың.

1. а) Суретке қарап, сөйлем құра.

Үлгі: Мен мектептен келдім.

ә) Суретті қайта қолдан. Көршіңнен оның қайдан келе жатқанын сұра.

Сен мектептен келесің бе?

| | | | |
|--|---|--|---|
|  мектеп |  орман |  тау |  өзен |
|  көпір |  көше |  субұрқақ |  автобус |
|  мұғалім |  спортзал |  ата мен әже |  театр |

Заттың неден жасалғанын айта аламын.

2. Суреттегі заттың неден жасалғанын айт.

Үлгі: Бесік ағаштан жасалған.



бесік



қасық



үстел



белдік



киіз үй



сандық



тұмар



қоржын

Затты кімнен алғанымды айта аламын.

3. Сызбаны қолданып, сөйлем құра.



алдым.



алдым.



алдым.

Заттың кімдікі екенін айта аламын.

4. Жалғауды дұрыс жалғап жаз.
1. Ата... шапаны әдемі.
2. Әкем... тақиясында өрнек бар.
3. Мынау әпкем... сөмкесі.
4. Ағам... тұмары былғарыдан жасалған.
5. Біз... үйдің адамдары өте мейірімді.
6. Бөлме... іші өте кең екен.
7. Қамзол... түймесін тақ.
8. Мата... шетінде өрнек бар.

Сұрақтарға жауап бер.

5. Сұрақтарға жауап бере отырып, сөйлем құра.
- Мына доп кімдікі?
Мына түйме ненікі?
Мына сурет сенікі ме?
Мынау кімнің қоржыны?
Анау сіздің белдігіңіз бе?
Оның баласы ақылды ма?

Бет алған бағытты түсіндіре аламын.

6. Көп нүктенің орнына -ға/-ге, -қа/-ке, -а/-е, -на/-не жалғауларын жалға.
1. Менің балам... кәмпит беріңізші, өтінемін.
 2. Қала... бара жатырсыз ба, мен де барайын.
 3. Көне ғасыр... саяхат жасайық.
 4. Мына ескерткіш... гүл қою керек.
 5. Бұл көше... неге келдік?
 6. Жүр, базар... барайық.
 7. Концерт... барасың ба?
 8. Үй... қайтқым келеді.

41 Көне ғасыр қонақтары

Өтіп кеткен оқиға туралы айтып беруді үйренесің.

ғасыр
саз
таңғалу

Жаңа сөз үйренейік



таңғалу



саз



саз (әуен)

Жасайық

1. а) Сөйлемдерді оқы. Мағынасын қимылмен түсіндір.

1. Мен кірпіш қалауды үйрендім. Кірпіштердің арасына саз бен құм жағасың.

2. Сарайдың ішін қымбат тастармен безендіріпті. Өте әдемі, қатты таңғалдым.

3. Мен кітапты оқып болдым, ауыстырып алайық.

4. Жүз жыл бір ғасыр болады.

Ғасыр

1900 – 2000 жылдар

ә) Сөз тіркестерімен сөйлем құра.

Тас қалау, таспен безендіру, көліктен түсу, үйге беттеу, үйге қайту.

Оқиық

2. Әңгімені оқы. Ат қой.



Сұлтан мен Әсет сиқырлы кілемге отырды да, тауға қарай ұшты. Біраз уақыттан соң Сұлтан мен Әсет ерекше әдемі қалаға ұшып келді. Кілем үлкен сарайдың қасына қонды. Сарайдың сыртын қымбат тастармен безендірген. Өте әдемі қала. Балалар қатты таңғалды.

– Бұл – Сығанақ. Қазақ еліне келдіңдер, – дейді өтіп бара жатқан наубайшы.

Сұлтан мен Әсет қаланы аралайды. Сарайлардың, ескерткіштердің алдында суретке түседі. Біраздан кейін балалар бір кесененің қасына келді. Оның кірпіштері жаңа қаланыпты. Кірпіштерінің арасындағы саз әлі дымқыл екен. Сұлтан мен Әсет ескерткіш тақтаны оқыды. Онда «1801 жыл» деп жазылған. Балалар енді түсінді. Олар өткен ғасырға келіпті.

! Назар аударайық

Әңгімеде шынайы оқиға баяндалмаса, оны **фантастикалық әңгіме** деп атаймыз.

Оқып және жауап берейік

2. Сұрақтарға жауап жаз.

1. Балалар қай елге келді?
2. Балалар қай жерлерде суретке түсті?
3. Көне ғасырға келгенін балалар қалай түсінді?
4. Әңгімеде шын оқиға баяндалған ба?

Ойланайық

3. Сөйлемдерді оқы. Айырмашылығы мен ұқсастығын айт. Мағынасын салыстыр.

Әсет пен Сұлтан сиқырлы кілемге отырды.

Әсет пен Сұлтан сиқырлы кілемге отырыпты.

Әсет пен Сұлтан сиқырлы кілемге отырады.

! Есте сақтайық

| Қимылды білдіретін сөз | Өткен іс әрекет | | |
|------------------------|-----------------|------------|-----------|
| | -ды/-ді/-ты/-ті | -ып/-іп/-п | -а -е, -й |
| келу | келді | келіпті | келеді |
| айту | айтты | айтыпты | айтады |
| сөйлеу | сөйледі | сөйлепті | сөйлейді |
| сұрау | сұрады | сұрапты | сұрайды |

Жаттығайық

4. Сөйлемдерді үлгі бойынша жаз.

Үлгі: Балалар тауға қарай ұшты. Балалар тауға қарай ұшыпты. Балалар тауға қарай ұшады.

1. Балалар тауға қарай (ұшу).
2. Әсет пен Сұлтан қалаға (ұшып келу).
3. Олар айналасына қарап (таңғалу).
4. Балалар кілемнен (түсу).
5. Сарайдың алдына (суретке түсу).
6. Біраздан кейін кесененің қасына (келу).
7. Кесененің кірпіштері жаңа (қалану).

42 Зергерлік бұйымдар

Келешек жоспарың туралы айтып және жазып үйренесің.
Ауызша және жазбаша нұсқау бере алатын боласың.

мыс
құжат
тиын
маңызды

Сөйлесейік

1. Сұрақтарды көршіңмен талқыла.

Зергер кім? Ол не істейді?

Зергер болу үшін адамға қандай қасиеттер керек?

Зергер қандай заттарды жасайды?



Ойланайық

2. Сөйлемдерді салыстыр. Айырмасын айт.

| Қашан? | | |
|-----------|--------------------------|-----------------------------|
| Бүгін | алтыннан шынжыр жасаңдар | алтыннан шынжыр жасайсыңдар |
| Ертең | күміс теңге соғыңдар | күміс теңге соғасыңдар |
| Бүрсігүні | пышақ сәндеңдер | пышақ сәңдейсіңдер |
| Арғы күні | жүзік жасаңдар | жүзік жасайсыңдар |

! Есте сақтайық

| Қимылды білдіретін сөз (бастапқы мағына) | | Мысал (алда орындалатын әрекет) |
|--|----|---------------------------------|
| бару | -а | барады |
| келу | -е | келеді |
| жасау | -й | жасайды |
| істеу | | істейді |

Жаттығайық

3. Сөйлем құра. «Кешке», «ертең», «бүрсігүні», «арғы күні» сөздерін қатыстыр.

Үлгі: Ертең сендер сәукеле тігесіңдер. Кешке сіздер текемет жасайсыздар.

Кесене тұрғызу, құмыра жасау, кірпіш қалау, саз қосу, теңге соғу, базарлық әкелу, пышақты сәндеу, ескерткіш тұрғызу.

Оқыық

4. Рөлге бөліп оқыңдар.

– Алдымен құтыны қыздырамыз. Содан соң, оған алтынды саламыз. Оны ерітеміз. Алтынға мыс пен күміс қосамыз. Бұл сонда сапалы болады. Одан кейін еріген алтынды жіп секілді созамыз. Содан кейін, оны керекті мөлшерде кесеміз. Ең соңында, майыстырып, шынжыр жасаймыз. Әзірге осы жетеді. Сендер нағыз зергер болғанда жүзік беремін. Ол жүзік – маңызды құжат. Зергер екендерінді растайды.



- Керемет, біз көне тиындарды өзіміз жасап аламыз.
- Бүгін емес. Ертең жасаймыз.

Н.Дәулеткереева

Оқып және жауап берейік

5. Сәйкестендір.

- | | |
|----------------|--------------------------------|
| 1. Ең алдымен | ә) майыстырып шынжыр жасаймыз. |
| 2. Содан соң | б) жіп секілді созамыз. |
| 3. Содан кейін | а) алтынды ерітеміз. |
| 4. Одан кейін | г) құтыны қыздырамыз |
| 5. Ең соңында | в) керекті мөлшерде кесеміз. |

Жазайық

6. Өзің жасаған бір затты еске түсір. Оның дайындалу ретін кластер түрінде көрсет.

Үлгі:



Сөйлесейік

7. Кластер бойынша баянда. Ұсынылған баяндау ретін қолдан.

1. Ең алдымен ...
2. Содан соң ...
3. Содан кейін ...
4. Одан кейін ...
5. Ең соңында ...

МӘДЕНИ МҰРА

43

Дауылпаз – бабалар мұрасы

Дауылпаз аспабымен танысасың.
Ертеде болып өткен әрекет туралы баяндап
айтуды және жазуды үйренесің.

ұрпақ
жау
жорық
шаман
жаршы
дауыс
зорайтқыш

Жаңа сөз үйренейік



дауыс зорайтқыш



жаршы



шаман



дауылпаз

Сөйлесейік

1. Суретпен таныс. Онда болып жатқан оқиғаны көршіңмен талқыла.

1. Әсет неден қорқып тұр деп ойлайсың?

2. Айғайлап тұрған адам кім?

3. Балалар қандай хабар естіді? Жақсы хабар ма әлде жаман хабар ма?

Шілдехана жасағалы жатыр ма? Бару керек.

Мынау жаршы ма? Қолындағы не?

Ау, халайық, келіңдер, көріңдер. Ақшабайдың немересі дүниеге келді. Шілдеханаға келіңдер. Отыз күн ойын, 40 күн тойын жасағалы жатыр.



Тыңдайық

2. Мәтінді тыңда және оқы. Өз болжамыңды тексер.

Дауылпаз – ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан мәдени мұра. Дауылпазды, менің білуімше, ата-бабамыз соғыста (әскери жорықта) қолданған. Өз әскеріне белгі берген. Кейде шамандар да дауылпазды ауруды емдеу кезінде қолданған. Оған қоса аң аулау кезінде оны аңшылар да пайдаланған. Бүгінде дауылпазды музыкалық аспап деп білеміз.

Кеше «жаршыны» көргенде қатты қорықтым. «Жау келді», – деп түсіндім. Бұрынғы заманда дауыс зорайтқыш, газет пен журнал болмаған. Жаршы халықты өзіне қарату үшін дауылпаз соғады. Ғажап көрініс болды. Керемет емес пе? Көне ғасырда дауылпаз өте маңызды құрал болған.

Н.Дәулеткереева

Тыңдап және жауап берейік

3. а) Сөйлемдердің «дұрыс» не «бұрыс» екенін анықта.

1. Дауылпазды бұрын тек аң аулау үшін қолданған.
2. Дауылпазды шамандар пайдаланбаған.
3. Дауылпазды жаршылар қолданған.

ә) Оқиғаның жалғасын болжап айт.

Қоршауда берілген сөздерді пайдаланып сөйле.

алдымен
одан кейін
содан соң
одан әрі
соңында

Ойланайық

4. Сөйлемдерді салыстыр.

Дауылпазды, менің білуімше, ата-бабамыз әскери жорықтарда қолданыпты.

Кейде шамандар да дауылпазды ауруларды емдеу кезінде қолданыпты.

Аталарымыз ақылды болыпты.
Дауылпаз өте маңызды аспап болыпты.

Дауылпазды, менің білуімше, ата-бабамыз әскери жорықтарда қолданған.

Кейде шамандар да дауылпазды ауруларды емдеу кезінде қолданған.

Аталарымыз ақылды болған.
Дауылпаз өте маңызды аспап болған.

! Есте сақтайық

| | | |
|---------|------|-----------|
| бару | -ған | барған |
| келу | -ген | келген |
| айту | -қан | айтқан |
| сөйлесу | -кен | сөйлескен |

а) Сөздерді үлгіге қарап өзгерт. Үлгі: *беру-берген*.

Білу, қолдану, емдеу, пайдалану, тану, қорқу, түсіну, қарату, соғу.

Ойнайық

5. Сыныптасың туралы айт. Үлгіні қолдан.

Үлгі: Азат бала кезінде қорқақ болған. Ал қазір ол – батыр. Әділет бұрын домбыра тарта алмаған. Ал қазір домбырада ойнайды.

44 Айтыс өнері

Күнделік оқысың.
Мәтін бойынша сұрақ қойып үйренесің.

айтыс
шаһар
шілдеhana

Жаңа сөз үйренейік



шілдеhana



айтыс



шаһар

Жаттығайық

1. Сөйлемдерді оқы. Бос орынға сөздерді қой.
1. Айтысқа 1 _____ көп келеді.
2. Айтыста 2 _____ ел туралы айтады.
3. Ақындар 3 _____ туралы көп біледі екен.
4. Ақындарға Ақшабай 4 _____ берді.

сыйлық
халық
шаһар
айтыс

Көрсетейік және айтайық

2. Сұрақтарға жауап бер.
1. Суреттен кімдерді көріп тұрсың?
2. Балалар қайда келді деп ойлайсың?



Оқиық

3. Мәтінді түсініп оқы.



Бүгін мен Ақшабайдың ауылына тойға бардым. Той өте керемет өтті. Шілдеханаға танымал айтыс ақындары келген.

Жантас пен Еділ біріне-бірі өлеңмен жылдам жауап берді. Олардың өнеріне таңғаласың.

Ақындар Сығанақ шаһары туралы көп біледі. Олар елдегі жаңалықтарды әнге қосып айтты. Халық өте көп болды. Жеңімпаз ақынға алтын құмыра мен шапан берді.

Меніңше, айтыс – нағыз өнер. Ол ата-бабамыздан келе жатқан мұра...

1801 жылы 20 шілде. Сығанақ қаласы.

Оқып және жауап берейік

4. Сөйлемдердің «дұрыс» немесе «бұрыс» екенін айт.

1. Сұлтан шілдеханаға барды.
2. Сұлтан айтысқа қатысты.
3. Сұлтан ақындардың өнеріне таңғалды.
4. Сұлтан айтыстан ел жаңалықтарын білді.

| | |
|-------|-------|
| дұрыс | бұрыс |
|-------|-------|

Сөйлесейік

5. Рөлдік ойынға қатыс. Көршіңмен сөйлес.

Әсет: Айтыс жақсы өтті ме?

Сұлтан: _____

Әсет: Айтысқа кімдер қатысты?

Сұлтан: _____

Әсет: _____

Сұлтан: Айтыста шаһардың жаңалықтары туралы айтты.

Әсет: _____

Сұлтан: Иә, ақындар маған ұнады. Оларға таңғалдым. Олар біріне-бірі өлеңмен жылдам жауап берді.

Ойланайық

6. а) Мөндес сөздерді тауып айт.

Ата-баба, танымал, шаһар, жылдам.

атақты

арғы ата

қала

тез

ө) Өз пікіріңді айт.

1. Менің ойымша, күнделікте бір күнгі оқиға жазылады.
2. Меніңше, күнделікті күнде жазбауға болады. Онда тек маңызды оқиғалар жазуға болады.
3. Менің түсінгенім – күнделікте уақыт көрсетіледі.
4. Менің ойымша, күнделікке сыр айтуға болады.
5. Сенің ойыңша, күнделікті жазудың ережесі жоқ па?

Сөйлесейік

7. Сұлтанның орнына өзіңді қой. Айтыс қалай өткенін айтып бер.

| Сұрақтар | Жауап |
|-----------------------------------|---|
| Айтыс қашан болды? | Үлгі: Кеше мен шілдеханаға бардым. Мен онда айтыс көрдім. |
| Айтыста сенен басқа кім болды? | |
| Айтыста кім мен кім айтысты? | |
| Ақындар қалай айтысты? | |
| Ақындар не туралы айтты? | |
| Айтыста кім жеңіске жетті? | |
| Айтыс ақынына Ақшабай не сыйлады? | |
| Айтыс саған ұнады ма? Неге? | |

45 Ұлттық аспаптар

Ұлттық аспаптар атауымен танысасың.
Күнделік жазып үйренесің.

жетіген
қобыз
сыбызғы
асатаяқ
аспап

Жаңа сөз үйренейік



дауылпаз



домбыра



асатаяқ



қобыз



сыбызғы



жетіген

Көрсетейік және айтайық

1. Ұлттық аспаптардың неден жасалғаны туралы айт.

Үлгі: Мынау – дауылпаз. Бұл ағаш және теріден жасалған. Оның бауы, таяғы бар.

Сөйлесейік

Қобыз ойнасам
бола ма?

Әрине. Өнер бәрімізге
ортақ мұра ғой. Кел, ойна.



Оқыық

3. Түсініп оқы.

1801 жыл. 20 шілде. Сығанақ қаласы
Бүгін мен шилдеханана бардым.
Шилдеханана атақты ақындар,
палуандар, күйшілер мен әншілер
шақырылған. Жақын ауылдардан әнші,
сазгерлер келген. Олар түрлі ұлттық
аспаптарда ойнады. Қобыз, сыбызғы,
домбыра, жетіген сияқты аспаптардың
өзін сазына таңғалдым. Мен де өнер
көрсеттім. Ақшабай маған күйіс теңге
берді. Иә, қала тұрғындары жоларта
әрі қынақсай. Ертең тағы жағалым.
Қайырым тун, күндәлілім.



Оқып және жауап берейік

4. Мәтін бойынша сұрақ құра.

Үлгі: Әсет бүгін қайда барды?

Ойланайық

5. Сұрақтарға жауап таңда.

Күнделікке не жазамыз?

Күнделікті қалай жазамыз?

Алдымен уақыт көрсетіледі, содан соң мәтін жазамыз.

Күнделікке маңызды оқиғаларды жазамыз.

Күнделікке күн сайын жазуға болады.

Менің ойымша, күнделік жазудың ережесі жоқ.

Күнделікке жазған күнді жазамыз.

Жазайық

6. Кеше не істедің? Күнделікке жаз.

Үлгі:

Кеше күнделігіме ештеңе жаза алмадым. Ол күннің қызықтарын қазір жазып отырмын.

Кешегі күнді музейді аралауға арнадым. Алдымен, _____ туралы айтайын.

Одан соң, _____

Кешегі күн осылай өтті.

46 Ата, бата беріңіз!

Бата, аңыз үлгілерімен танысамыз.
Күнделік жазып үйренеміз.

Қыдыр ата
бата
аманат
аңыз

Жаңа сөз үйренейік

1. Сөздердің мағынасын сөздіктен тауып, анықта.
Бата, аманат, Қыдыр ата, аңыз.

Анықтайық

Сөйлемдерді атауымен сәйкестендір.

1. Ертеде бір қобызшы болыпты. Ол адамға жайлы жер іздейді. Көп елді аралайды. Ең соңында адам ұзақ өмір сүретін жерді табады.

2. Менің сізге айтатын өтінішім бар. Айтып барыңыздаршы. Балам ешқашан ақшаға, алтынға қызықпасын.

3. Бақытты бол, балам! Жолың болсын!

аңыз

аманат

бата

Жазайық

2. Сұлтан мен Әсет туралы жаз.

Сұлтан мен Әсет – батыл балалар. Өйткені...

Сұлтан мен Әсет – өнерді құрметтейтін балалар.

Өйткені ...

Сұлтан мен Әсет – ақылды, өнегелі балалар. Өйткені ...

Сөйлесейік

3. Суретке қара. Оқиғаны болжа.

Кілеміміз
үйге апарарды.

Алақай, үйге
қайтамыз.



Талай ақын, жыраулар өмірге
келеді. Оларды құрметтендер.
Жырларын жаттап өсіңдер.



Жолдарың
ашық болсын!

Рақмет, ата.



Тыңдап және жауап берейік

4. а) Мәтінді қайталап тыңда. Кестені толтыр.

| | Қыдыр ата | Сұлтан | Әсет |
|-------------------------------|-----------|--------|------|
| Елді аралайды | | | |
| Бата береді | | | |
| Қарт адамдарға көмектеседі | | | |
| Дорба көтереді | | | |
| Алғыс айтады | | | |

ө) Мәтін бойынша сұрақ құра.

Үлгі: Балалар кімді кездестіреді?

47 Абай Құнанбаев – ұлы ақын

Абай Құнанбаев туралы оқып білесің.
Абай атаның даналығын сипаттап айта
аласың.

құжат
баспа
қолжазба
мақтаньш
ұлы
ақын
жазушы

Ойланайық

1. Суретке қара. Бұл ата кім?
Ата қандай адам деп ойлайсыңдар?
Сипаттаманы үлгі бойынша жалғастыр.



Оқыық

2. Мәтінді шолып оқы. Қарамен берілген сөздердің мағынасын сөздіктен тап. Сөздіктің көмегімен аударып, түсініп ал.

А. Құнанбаев – ұлы ақын. Ол – қазақ халқының мақтаньшы.

Абай атаның қолжазбалары – бізге жеткен мол байлық және маңызды мәдени мұра.

Абай атамыз адамгершілік, достық, мейірімділік, білім, табиғат туралы көп



жазды. Біз бұл туралы музейде сақталған құжаттардан білеміз. Абай атаның өлеңдерін, әндерін ата-әжелерімізден біз көп естиміз. Олар бала кезден Абай атаның өлеңдерін, әндерін жаттап өскен.

Абай атаның өмірін М.Әуезов зерттеді. Абай ата туралы әңгімелерді жинады. Кейін «Абай жолы» кітабын баспадан шығарды.

«Тарихи тұлғалар» кітабынан

Оқып және жауап берейік

3. а) Оқыған мәтіннен «қандай?» сұрағына жауап беретін сөздерді теріп жаз.

ә) Мәтін бойынша көршіңе сұрақ қой.

Үлгі:

Абай атамыз кім болған?

Абай ата кімнің мақтанышы?

Бізге жеткен маңызды мұра не?

Жазайық

4. Абай атаның өлеңдерін оқы. Өлеңдерге ат қой. Мағынасын үлгі бойынша талқылаңдар, түсіндіріп жаз.

Үлгі:

Менің ойымша, өлең _____ туралы.

Себебі өлеңде _____, _____, _____ деген сөздер кездеседі.

Абай атаның ойынша, _____ .

а)

Біліміден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын, көруге,
Көкірегінде болсын көз.



ә)

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.



Сөйлесейік

5. Сұрақтарға жауап бер.

1. Абай Құнанбаев кім?
2. Абай атамыз қандай адам болған?
3. Абай ата не туралы жазған?
4. Абай атаның қолжазбалары қайда сақталады?
5. Абай ата туралы кітапты кім жазды?

48 Қайталау

Ойнайық

Ойын шарты:

Әр ойыншы текшелерін бастапқы нүктеге қояды. Кезектесіп текшені шиырады. Онда көрсетілген санға текшені апарып қояды.

Егер сенің текшең сатының төменгі жағына келсе, онымен жоғары көтерілесің. Егер сенің текшең жыланның басына келсе, сырғып төмен түсесің.

Сұрақтарына жауап беріп, бірінші болып үйге жеткен ойыншы жеңімпаз болады.





Орфографиялық сөздік

| | | |
|-------------------|-----------------|----------------|
| алдында | бауырсақ | орын |
| артында | бейнелеу | ортасында |
| азамат | барыс | оң жағында |
| ақылды | бата | ою-өрнек |
| аймақ | бұрылыс | өлеңшіл |
| аудан | былғары | өріс |
| алыс | бұршақ | өмір сүру |
| астында | баспа | еркін |
| айналасында | батыс | халық |
| анау | дәмді | ұрыншақұлт |
| адал | дәстүр | ұлан |
| алғыс айту | достық | елбасы |
| алдау | дауыс зорайтқыш | Елтаңба |
| ала жіп | дөңгелек | тәуелсіз |
| асыл тас | жау | тұлпар |
| асүй | жорық шаман | түйме |
| айтыс | жаршы | ту |
| аттың жалында | жетіген | тану |
| асатаяқ | жалқау | тиын |
| аспап | жазушы | таныстыру |
| аманат | жауапты | тіршілік етеді |
| аңыз | жайлау | туысқан |
| ақын | жомарт | табу |
| әне | жомарт адам | тақия |
| Әнұран | жыр | текемет |
| әдет | жанында | таңғалу |
| бата | жер үй | тірек |
| бешпент | жуынатын бөлме | малшы |
| борыш | Отан | мақұлдау |
| білімді | оңтүстік | өмір сүреді |
| баспана құрастыру | солтүстік | сыртында |
| бұзылып қалу | орталық | салқын |

| | | |
|-----------------|-----------|-------------------|
| сол жағында | қымбат | ұялу |
| сәнді | қызғаншақ | ұрпақ |
| сарай | құжат | ұлы |
| сиқырлы | құмыра | сабырлы |
| сауықшыл | қасиет | сыбызғы |
| саз | қоржын | маңдайынан иіскеу |
| себебі | құрт | мұнды |
| сотқар | қамзол | міндет |
| міне | кәдесый | міндетті түрде |
| мынау | көше | мәдениет |
| мейірімді | киіз үй | мақсат |
| мемлекет | көрікті | мыс |
| рәміз | кіреберіс | маңызды |
| мұра | күзет | пішін |
| қарсысында | күшті | пікір |
| қаймақ | күту | еріну |
| қонақ бөлме | кимешек | еңбекқор |
| қойма | кірпіш | ескерткіш |
| қарт | кесене | ойнау |
| қобыз | шаңырақ | осындай |
| қыдыруға шығу | шығыс | ішінде |
| қыран | шегара | ірімшік |
| құрмет | шегарашы | |
| құтқару | шебер | ғасыр |
| қарапайым | шапшаң | мақтаным |
| қамқор болу | шыдамсыз | |
| Қыдыр ата | шындық | |
| қасында | шаһар | |
| құжат | шілдехана | |
| қолжазба | шапан | |
| қиыршық тас | ыстық | |
| қамзол | үстінде | |
| қос етек көйлек | уәде | |
| құрметтейді | ұмыту | |

М А З М Ү Н ы

I. Менің отаным – Қазақстан

| | |
|-------------------------------|----|
| 1. Қазақстан қалалары | 4 |
| 2. Бурабайдағы демалыс | 6 |
| 3. «Туған ел» көрмесі | 8 |
| 4. Мемлекеттік рәміздер | 10 |
| 5. Ойын ойнаймыз..... | 13 |
| 6. Өз туым (жоба) | 15 |
| 7. Менің сапарым..... | 18 |
| 8. Қайталау | 20 |
| 9. Ауыл сыртында..... | 22 |
| 10. Менің ауылым..... | 24 |
| 11. Әлидің үйі | 26 |
| 12. Бөлмедегі заттар | 28 |
| 13. Сүйікті қаламыз | 30 |
| 14. Менің отбасым..... | 32 |
| 15. Шегарашы | 34 |
| 16. Қайталау | 36 |

II. Құндылықтар

| | |
|------------------------------|----|
| 17. Мейірімді қыз | 38 |
| 18. Еңбектің сыйы | 40 |
| 19. Әдепті бала | 43 |
| 20. Үлгілі оқушы | 46 |
| 21. Анамның тапсырмасы | 48 |
| 22. Қамқор немере | 50 |
| 23. Жақсы, жаман | 53 |
| 24. Қайталау | 56 |

| | |
|-------------------------------------|-----|
| 25. Қуыршақтар | 58 |
| 26. Жаман дос | 61 |
| 27. Шегіртке мен құмырсқа..... | 63 |
| 28. Көмекші робот | 66 |
| 29. Менің қалауым..... | 68 |
| 30. Қайырымды қойшы | 71 |
| 31. Мысық, Өтеш және Түлкі..... | 73 |
| 32. Қайталау | 75 |
| III. Мәдени мұра | |
| 33. Біз қаладан келеміз..... | 78 |
| 34. Нағыз өнер – қолөнер | 81 |
| 35. Базарлық..... | 84 |
| 36. Отбасылық мереке | 87 |
| 37. «Тұсаукесер» жыры | 90 |
| 38. Кәдесый | 93 |
| 39. Сиқырлы кілем..... | 96 |
| 40. Қайталау | 99 |
| 41. Көне ғасыр қонақтары | 102 |
| 42. Зергерлік бұйымдар | 105 |
| 43. Дауылпаз неге соғады? | 107 |
| 44. Айтыс өнері | 110 |
| 45. Ұлттық аспаптар | 114 |
| 46. Ата, бата беріңіз!..... | 117 |
| 47. Абай Құнанбаев – ұлы ақын | 119 |
| 48. Қайталау | 122 |

Оқулық басылым *Учебное издание*

**Нурлугуль Жузбаевна Даулеткереева,
Гульгуль Бектемировна Мухангалиева**

ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Оқулық Учебник
1-бөлім 1 часть**

Оқу орыс тілінде жүргізілетін
жалпы білім беретін мектептің
4-сынып оқушыларына арналған

Для учащихся 4 класса
общеобразовательной школы
с русским языком обучения

Әдіскер *Ф.С. Лекерова*
Редакторы *М.К. Солтангазина*
Көркемдеуші редакторы *Т.В. Толыбекова*
Көркемдеп беттеген *М.С. Шелекбаева*

Методист *Ф.С. Лекерова*
Редактор *М.К. Солтангазина*
Художественный редактор *Т.В. Толыбекова*
Верстка *М. С. Шелекбаевой*

Басуға 18.02.2019 ж. қол қойылды.
Пішімі 70x100 $\frac{1}{16}$. Офсеттік басылым.
Өрің түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз.
Тапсырыс № 2102.

Подписано в печать 18.02.2019 г.
Формат 70x100 $\frac{1}{16}$. Печать офсетная.
Гарнитура «Школьная». Бумага офсетная.
Заказ № 2102

Қазақстан Республикасы,
«Алматыкітап баспасы» ЖШС,
050012, Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 111-үй,
тел. (727) 250 29 58, факс: (727) 292 81 10.
e-mail: alkitap@intelsoft.kz
www.almatykitap.kz

Республика Казахстан,
ТОО «Алматыкітап баспасы»
050012, г. Алматы, ул. Жамбыла, 111,
тел. (727) 250 29 58; факс: (727) 292 81 10.
e-mail: alkitap@intelsoft.kz
www.almatykitap.kz